2. Следить за досугом ребёнка, чтобы избежать информационного «переедания»: после трёхчасового «залипания» в планшет переключиться на книгу в разы сложнее, чем до.

3. Быть хорошим примером. Пусть не все дети филологов идут по стопам родителей, но, в семье, где есть традиция читать и обсуждать книги, шансы вырастить книголюба выше, чем в той, где принято смотреть по вечерам телевизор.

Чтение — хоть и интеллектуальный, но всё же досуг, и как любой другой досуг должно быть в удовольствие. Иначе ребёнок с лёгкостью найдёт ему альтернативу. Чем тяжелее груз ответственности и чем меньше радости от процесса — тем сильнее ребенок ненавидит читать.

Как писал английский фантаст Нил Гейман: «Не мешайте детям читать, даже если вам кажется, что они читают не то. Литература, которая вам не нравится, подтолкнёт ребят искать другие книги, которые понравятся больше. Вкусы у всех разные». Найти книгу, которая продемонстрирует ребёнку великую силу литературы, — большая удача. Но создать почву для того, чтобы эта встреча состоялась — вполне посильная задача. Расширять кругозор ребёнка следует аккуратно, в форме игр, а не уговоров и — тем более — требований.

«Читательское мастерство шлифуется всю жизнь, никогда не достигая предела, ибо у него нет цели, кроме чистого наслаждения. Чтение есть частное, портативное, общедоступное, каждодневное счастье — для всех и даром» (Александр Генис)

Поддерживать интерес к литературе можно более увлекательными способами, чем

демонстрация научных исследований об эмоциональном интеллекте. Игры по мотивам любимых историй и тематические раскраски работают с младшими школьниками гораздо эффективнее. Если ребенок не хочет читать книги, развивайте его литературную среду: посещайте вместе книжные ярмарки, дни открытых дверей в детских издательствах, встречи с писателями. И, конечно, не настаивайте исключительно на «полезной» литературе. Классика, как говорил Марк Твен, «это то, что каждый хочет иметь в багаже прочитанного, но никто не хочет читать». Дети в том числе. Наконец, используйте технологии: воспользуйтесь электронными книгами и аудиокнигами. Некоторые дети могут предпочитать читать на планшете или слушать книги. В общем, выход есть!

А школа? Какова её роль? Школа играет важную роль в развитии навыков чтения у детей и несет ответственность за создание условий, которые способствуют этому процессу. Вот несколько примеров работы нашей школы в этом направлении.

1.С целью поддержки формирования устойчивого интереса учащихся к чтению, рост читательской активности и популяризации чтения на основе сохранения и приумножения культурного наследия уже несколько лет методическое объединение гуманитарного направления реализует проект «Читающая школа». Что же мы «реализуем»?
Многое: конкурсы сочинений «Золотое перо» (по прочитанному), «Пятиминутное чтение» на переменах, конкурс «Читательских дневников»; (читаем летом), составление «Питчей» по прочитанным книгам, мини-проект «Любимая книга моих родителей», киноклуб: «Экранизация литературных произведений» с последующим обсуждением качества соответствия экранизации, поэтические минутки», посещение театра, проводим совместно с библиотекарем уроки, квесты и т.д, конференция «История в сакральных памятниках» Астана-Уфа, проект-выставка «Великие женщины мира», эссе «Что я знаю о войне», беседа «Письма с фронта», проект-выставка «И славили они Отечество», виртуальные экскурсии «Музеи мира», проекты: «Столичный TV», «Личность в истории. Султан Бейбарыс», «Личность в истории. Темирбек Жургенов, буккроссинг и многое-многое другое.

Таким образом, я с гордостью хочу сказать: «Наши дети - читающие!» Организовывать качественную работу по реализации различных проектов, проводить разнообразные мероприятия, читать вместе с детьми, интеграция чтения в учебный процесс (включаем чтение в учебные планы по разным предметам, чтобы показать детям, что чтение важно не только на уроках литературы) и, наконец, программы поощрения чтения: «Читатель года» или «Книжный марафон» – тоже мотивируют детей читать больше. Вот и ещё один ответ на вопрос: «Что делать?» Остался последний из заданных: «Быть или не быть?» Ответ нигде искать не будем-БЫТЬ. Быть чтению, быть читателю и быть книге, которая вернулась к читателю, к своему читателю! Ведь «Чтение - это путешествие, которое можно совершить, не покидая своего кресла», - сказал Альбер Камю, и не только…

1.https://www.livelib.ru/news/post/148160-pochemu-deti-malo-chitayut-kak-borotsya-s-padeniem-chitatelskoj-gramotnosti

2. «Читай как профессор» Томас Фостер. «How to Read Literature Like a Professor», 2003 Издательство: HarperCollins

3. Мортимер Адлер. «Как читать книги» — его книга, «Simon & Schuster» 1940 г, https://ru.wikipedia.org/

4.1Чтение — статья из Оксфордского толкового словаря по психологии // Под ред. А. Ребера: в 2-х тт: Т.1. / Пер. с англ. Чеботарева Е. Ю. — М.: Вече АСТ, 2003. — 592.

5.https://practicum.yandex.ru/blog/tsifrovye-tehnologii/

6.Сухомлинский, В. А. Сердце отдаю детям / В. А. Сухомлинский. — Киев : Радянська школа, 1972. — 243 с.

«СКРАЙБИНГ - МЕТОД ВИЗУАЛИЗАЦИИ В ОБУЧЕНИИ РЕШЕНИЮ ХИМИЧЕСКИХ ЗАДАЧ»

Ворочевская Ольга Алексеевна, учитель химии ЧУ «Столичная Школа им.Садвакасова Х.Ж.», г.Астана

Аннотация: В статье рассматривается эффективность применения скрайбинга, как одного из способов визуализации текстовой учебной информации для формирования устойчивых навыков решения расчётных задач по химии разных типов и уровня сложности.

Скрайбинг от английского «scribe»-набрасывать рисунки или эскизы. Искусство отражать свою речь в рисунках, процесс происходит параллельно с докладом говорящего.

Современное химическое образование сталкивается с рядом вызовов, связанных с эффективностью усвоения сложных теоретических концепций и их практического применения. Одним из наиболее эффективных подходов к решению этих проблем является использование метода визуализации, который позволяет учащимся наглядно представить химические процессы, реакции и механизмы, что существенно облегчает их понимание и запоминание.

Образовательный процесс строится на передаче информации, поэтому и роль наглядного представления информации в обучении велика.

Целью данной статьи является анализ роли метода активной визуализации в процессе обучения решению химических задач, выявление его положительного воздействия на качество усвоения материала и развитие ключевых компетенций учащихся. В рамках статьи рассматривается метод визуализации информации - скрайбинг, его преимущества и особенности применения в учебном процессе.

Начну с того, что химическое мышление – это мышление образное, визуальное. Плоские символы, записанные на доске и обыкновенный текст задачи, должны рождать в голове ученика образы, которые проходят стадии формирования и превращаются в модели. Химические процессы, описанные в задачах, часто требуют знания молекулярных структур, реакций на молекулярном уровне и понимания взаимодействий между различными веществами. Ученики часто сталкиваются с трудностью восприятия и анализа таких процессов только на основе текстового описания или формул. Техника визуализации Скрайбинг позволяет преобразовать абстрактные идеи в наглядные образы, которые значительно облегчают восприятие, позволяют «увидеть» химическую реакцию, а не только читать о ней, что способствует лучшему пониманию и запоминанию материала. Графически представляя информацию в сжатом виде, ученик мыслит образами, кодирует материал. При необходимости он может восстановить, «развернуть» весь текст.

Выступление в технике скрайбинга с презентацией своей работы – это прежде всего искусство сопровождения произносимой речи «на лету» рисунками.

Создание ярких образов вызывает у учеников визуальные ассоциации с произносимой речью, что обеспечивает высокий процент усвоения информации.

Могу судить о результатах применения данного метода визуализации, так как использую его на занятиях курса по решению задач с учениками 7-11 классов. Анализ результатов овладения навыками решения задач, определённых тем (на неполное разложение, на растворы, на примеси, на пластинки), проводимый по определённым показателям (количество правильно решенных задач, время на решение, уровень вовлеченности в учебный процесс) показал устойчивый положительный результат. «Рисунки-схемы помогают учащимся не только понять условие задачи, но и выработать последовательность шагов для её решения, превращая абстрактные химические реакции в доступные и понятные этапы» [1].

Начинаем работу с учениками с совместного составления картинок к простым задачам. Отрабатываем применение в устной речи терминов. Последовательно ученики осваивают более сложные уровни работы с задачами, подбирают терминологию, обороты

речи и вырабатывают свой стиль. Цель состоит не столько в том, чтобы охватить как можно больше разных типы задач, сколько научиться их «понимать», определять типы, анализируя условие, вырабатывают свой стиль работы с задачей и научиться составлять свои задачи в виде текстов и иллюстраций. Итогом курса является презентация собственных задач, со своим личным алгоритмом сопровождающаяся пояснением с использованием терминологии и ряда визуальных подсказок.

Я сама люблю решать задачи и хочу передать это отношение своим ученикам.

Могу рекомендовать данный метод Скрайбинг к изучению и использованию в практике обучения решению задач. Вижу на практике, что такое сложное задание, как задача превращается для ученика в отработанное, освоенное и даже любимое. В процессе освоения данного метода работы с заданием отмечается: упрощение восприятия сложных химических процессов, повышение эффективности и точности решения задач, развитие критического мышления и аналитических способностей.

Скрайбинг в химии представляет собой мощный инструмент, который помогает учащимся более эффективно решать задачи, связывая теоретические знания с наглядными моделями. Этот метод способствует не только лучшему пониманию материала, но и развитию навыков логического мышления, структурирования информации и визуализации химических процессов. Внедрение скрайбинга в образовательный процесс химии может значительно улучшить качество обучения, повысить вовлеченность студентов и сделать химические задачи более доступными и понятными. Кроме того, метод визуализации учебной информации Скрайбинг помогает ученикам развивать навыки работы с более сложными и многозадачными химическими проблемами. В реальной жизни химики часто сталкиваются с многокомпонентными реакциями, где важно учитывать множество факторов. Визуализация позволяет упрощать такие задачи, разбивая их на отдельные этапы, которые становятся более понятными и управляемыми. Это вырабатывает у учеников способность к решению сложных многогранных проблем, что является важным аспектом для их будущей профессиональной деятельности.

Удачи и творческой энергии всем учителям во благо ученика!

Литература:

1. Ермолаева Ж.Е., Герасимова И.Н., Лапухова О.В. Инфографика как способ визуализации учебной информации // Концепт. – 2014. –№ 11. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://e-koncept.ru/2014/14302.htm.

2. Морозов, А. В. «Педагогические аспекты визуализации в обучении химии» (2011) [1]

3. Никулова Г.А., Подобных А.В. Средства визуальной коммуникации — инфографика и метадизайн // Образовательные технологии и общество. – 2010. – №2. – Режим доступа: http://cyberleninka.ru/article/n/sredstva-vizualnoy-kommunikatsii-infografika-i-metadizayn.

БЕРЕГИ ЗДОРОВЬЕ СМОЛОДУ

Н.Т.Габбасов,
Экономическая школа «Центральная» г.Астана,
учитель физической культуры

Аннотация

Мақала жастар үшін физикалық белсенділік пен сау өмір салтының маңыздылығын қарастырады, бұл әдеттерді ерте жастан қалыптастыру қажеттілігін атап өтеді. 200 оқушы мен 50 педагог арасында жүргізілген зерттеу 70% жастардың физикалық белсенділіктің маңыздылығын түсінетінін, бірақ тек 40%-ы спортпен тұрақты айналысатынын көрсетті. Оқу процесіне физикалық белсенділікті енгізу әдістемесі жыл ішінде белсенділіктің 30%-ға артуын көрсетті. Ұсыныстарға спортпен айналысу үшін қолайлы орта құру және ақпараттық науқандар өткізу кіреді.

Кілт сөздер: физикалық белсенділік, денсаулық, жастар, спорт, өмір салты, ұсыныстар, оқу процесі.

Аннотация

Статья рассматривает важность физической активности и здорового образа жизни для молодежи, подчеркивая необходимость формирования этих привычек с раннего возраста. Исследование, проведенное среди 200 учащихся и 50 педагогов, показало, что 70% молодежи осознают значимость физической активности, однако только 40% регулярно занимаются спортом. Разработанная методика внедрения физической активности в учебный процесс продемонстрировала увеличение уровня активности на 30% за год. Рекомендации включают создание комфортной среды для занятий спортом и проведение информационных кампаний.

Ключевые слова: физическая активность, здоровье, молодежь, спорт, образ жизни, рекомендации, учебный процесс.

Введение

Здоровье — это основа полноценной жизни, и его сохранение должно начинаться с раннего возраста. В современном мире, где технологии и малоподвижный образ жизни становятся нормой, особенно важно прививать детям и подросткам привычки, способствующие укреплению здоровья. Цель данной статьи — рассмотреть важность физической активности и здорового образа жизни для молодежи, а также предложить практические рекомендации по внедрению этих принципов в повседневную жизнь.

Методология

Для достижения поставленной цели было проведено исследование, включающее анализ литературы, опросы среди учащихся и педагогов, а также наблюдения за физической активностью молодежи. Основные методы исследования включали:

1. Литературный анализ — изучение существующих научных работ и публикаций по теме здоровья и физической активности.
2. Опросы — анкетирование учащихся и педагогов для выявления уровня осведомленности о важности физической активности.
3. Наблюдение — мониторинг физической активности учащихся в рамках учебного процесса и вне его.

Исследовательская часть

В ходе исследования было опрошено 200 учащихся и 50 педагогов. Результаты показали, что 70% учащихся осознают важность физической активности, однако только 40% из них регулярно занимаются спортом. Основные причины низкой физической активности включают:

- Недостаток времени из-за учебной нагрузки (45% опрошенных).
- Непривычка к физическим упражнениям (30%).
- Низкий уровень мотивации (25%).

Анализ данных показал, что учащиеся, занимающиеся спортом не менее трех раз

в неделю, имеют более высокие показатели успеваемости и общего самочувствия.

Практическое применение

На основе полученных данных была разработана методика внедрения физической активности в учебный процесс. Она включает:

1. Интеграция физической активности в расписание — включение коротких перерывов для физических упражнений в течение учебного дня.

2. Организация спортивных мероприятий — проведение регулярных спортивных соревнований и активных игр.

3. Создание клубов по интересам — формирование групп по интересам, связанных с физической активностью (например, танцы, йога, командные виды спорта).

Эффективность данной методики была оценена через повторные опросы и наблюдения. Результаты показали увеличение уровня физической активности среди учащихся на 30% в течение одного учебного года.

Рекомендации

На основе проведенного исследования можно выделить несколько практических рекомендаций:

1. Создание комфортной среды для занятий спортом — обеспечение доступности спортивных площадок и инвентаря.

2. Проведение информационных кампаний — информирование учащихся о пользе физической активности через лекции, семинары и плакаты.

3. Индивидуальный подход — адаптация программ физической активности в зависимости от уровня подготовки и интересов учащихся.

Заключение

Исследование подтвердило важность физической активности и здорового образа жизни для молодежи. Внедрение предложенной методики в учебный процесс может значительно повысить уровень физической активности учащихся и, как следствие, улучшить их общее состояние здоровья и успеваемость. Дальнейшие исследования могут быть направлены на изучение долгосрочных эффектов физической активности на здоровье и развитие молодежи.

Перечень использованных источников

1. Баранов, А. В. (2020). Физическая культура и здоровье. Москва: Издательство «Наука».

2. Иванова, Е. С. (2019). Влияние физической активности на успеваемость учащихся. Журнал «Физическая культура в школе», 3(2), 45-50.

3. Петров, И. Н. (2021). Здоровый образ жизни: от теории к практике. Санкт-Петербург: Издательство «Образование».

СӨЗДІК ҚОРДЫ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Данаева Дариға Жақсыбековна,
Астана қаласы «Экономикалық лицей» ЖШС
қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, педагог – зерттеуші

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада «Сөздік қорды дамытуға арналған ойындар» тақырыбы қарастырылған. Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінде оқушылардың тілдік қабілеттерін,әсіресе, сөздік қорын дамыту мәселесі маңызды орын алады.Сөздік қордың бай болуы баланың ойлау қабілетін,мәдениетін,қарым -қатынас жасау мүмкіндіктерін дамытудың негізгі шарты болып табылады. Білім беру процесінде сөздік қорды дамытудың тиімді әдістерін іздестіру өзекті мәселе.Зерттеу жүргізген жұмысымда, оқушылардың сөздік қорын ойындар арқылы дамытуға бағытталған. Ойын арқылы өзге тілді оқушылардың тілін дамыту мақсаты көзделеді. Жарияланым кіріспе, оқыту әдістемесі, зерттеу бөлімі,қорытынды,пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Аннотация

Представленная статья посвящена теме «Игры на развитие словарного запаса». В современной системе образования проблема развития языковых способностей учащихся, особенно словарного запаса, занимает важное место. Богатый словарный запас является основным условием развития у ребенка мыслительных способностей, культуры и коммуникативных навыков. Поиск эффективных методов развития словарного запаса в образовательном процессе является актуальной проблемой. В своей исследовательской работе я сосредоточил внимание на развитии словарного запаса учащихся посредством игр. Цель игры – развивать речь изучающих другой язык. Издание состоит из введения, методики преподавания, исследовательского раздела, заключения, списка использованной литературы.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма? – деп айтқандай,өсіп келе жатқан баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Өсіп келе жатқан баланың өмірі,айналасындағы қоршаған ортаны танып,еңбекке араласуы,психологиялық тұрғыдан ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ана тілінде дұрыс сөйлеуге енді бейімделіп келе жатқан балаға тіл үйретуде әртүрлі ойындарды ұйымдастырудың маңызы зор. Ойын арқылы бала жеке адам ретінде дами түседі. Ойын технологиясының кеңінен қолданылатыны белгілі.Тіл үйретуші мұғалімнің алдына қойған міндеті де, еліміздің болашақ жеткіншектерінің өз халқын, тарихын, жерін, салт - дәстүрін, тілін білетін білімді ұрпақ тәрбиелеп шығару. Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінде оқушылардың тілдік қабілеттерін, әсіресе, сөздік қорын дамыту мәселесі маңызды орын алады. Сөздік қордың бай болуы баланың ойлау қабілетін, мәдениетін, қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін дамытудың негізгі шарты болып табылады. Әсіресе, баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін сөздерді дұрыс әрі тиімді пайдалану, сөздік қорының кеңеюі олардың жалпы тілдік дамуының көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Бүгінгі таңда балалардың сандық құрылғылар мен интернетке деген тәуелділігі артып, вербалды қарым-қатынас азаюда. Бұл, өз кезегінде, сөздік қордың қысқаруына әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай жағдайда білім беру процесінде сөздік қорды дамытудың тиімді әдістерін іздестіру өзекті мәселеге айналып отыр. Осы бағытта оқушылардың сөздік қорын ойындар арқылы дамытуға болады. Ойындар белгілі бір жүйелілікпен, біртіндеп күрделене келе, оқушылардың тілді меңгеру деңгейін кезең-кезеңімен көтеруге мүмкіндік береді.

Сөздік қорды байытуға арналған жаңа типтегі ойындар мен тапсырмаларды күнделікті сабақ барысында пайдалануға болады. Мысалы, сөздік қорды дамыту мақсатында қолданылатын «Кім жылдам?», «Сөздік жарыс», «Жасырын сөздер» сияқты ойындармен қатар, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға бағытталған «Әңгіме құрастыр», «Метафоралар ойыны» сияқты инновациялық ойындар ұсынылады. Мұндай ойындар тек сөздік қорды кеңейтіп қана қоймай, оқушыларды ойлануға, қорытынды жасауға және өз ойларын еркін жеткізуге үйретеді.

IT технологияларын қолдану арқылы онлайн ойындарды пайдалану мүмкіндігі де оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін арнайы әзірленген мобильдік қосымшалар мен компьютерлік ойындар тілдік тапсырмаларға негізделген.

Адамзаттың ой-өрісі мен дүниетанымы оның тілі мен сөздік қорына тікелей байланысты. Сөздік қор – адамның күнделікті өмірде қолданып жүрген барлық сөздерінің жиынтығы. Сөздік қоры бай адам кез келген мәселені жан-жақты талқылап, өз ойын дәл әрі әсерлі жеткізе алады. Сөздік қордың бай болуы – тек қана тілдік қарым-қатынас жасауда ғана емес, адамның жалпы мәдениетінің де көрсеткіші. Жақсы дамыған сөздік қор адамның ішкі дүниесін байытып, қоғаммен қарым-қатынас жасауда сенімділік береді.

Сөздік қор адам өмірінде аса маңызды орын алады. Мәселен, бір ауыз сөзбен адамды қуантуға да, ренжітуге де болады. Дұрыс қолданылған сөз – қуатты құрал. Адамның сөздік қоры неғұрлым бай болса, ол соғұрлым ойын еркін жеткізеді, әртүрлі жағдаяттарды жеңіл шешіп, өзгелермен оңай түсініседі. Керісінше, сөздік қоры кедей адам өз ойын нақты жеткізе алмай, қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады.

Сөздік қор тек қана сөйлеу дағдысымен шектелмейді. Ол оқыған кітаптар, тыңдаған әңгімелер, көрген фильмдер мен қатысқан шаралар арқылы кеңейе түседі. Сондықтан жаңа сөздер үйреніп, оларды белсенді қолдану – адамның интеллектуалдық және әлеуметтік дамуының маңызды бөлігі. Сөздік қорды дамыту үнемі ізденуді, оқу мен тілдік жаттығуларды қажет етеді.

Бай сөздік қор – жан-жақты дамыған, интеллектуалды тұлғаның негізгі қасиеті. Сол себепті, әрбір адам өз сөздік қорын үнемі байытып, жаңартып отыруы тиіс. Бұл, әсіресе, өскелең ұрпақ үшін маңызды. Жас кезінен бастап сөздік қорын байытып, дұрыс тілдік дағдыларды қалыптастырған адам болашақта кез келген жағдайда тілдік кедергілерді оңай жеңеді.Оқушылардың сөздік қорын тек теориялық тұрғыда емес, сонымен қатар, күнделікті өмірде, сабақта және сабақтан тыс уақытта да практикалық тұрғыдан бейімдеу керек.Оқушыларға сөздік қордың маңыздылығын түсіндіре отырып,олардың сөздік қорын байытуға бағытталған жаттығулар орындау арқылы жаңа сөздерді белсенді қолдануға үйренеді.

Практикалық тапсырмалар:

1. Синонимдерді табу тапсырмасы:

Төмендегі сөздерге синонимдер ойлап табыңыз. Әр сөздің мағынасына сәйкес келетін ең кемі екі синоним жазыңыз:

- Бай
- Қуаныш
- Жеңіс
- Әдемі
- Бақытты

2. Сөздерді сөйлемде қолдану:

Берілген жаңа сөздерді қолдана отырып, әрқайсысына толық сөйлемдер құрастырыңыз:

- Қолдау
- Жауапкершілік
- Келісім
- Әсерлі
- Шығармашылық

3. Метафора құрастыру:

Төмендегі сөздерді метафоралық мағынада қолданып, қысқаша әңгіме құрастырыңыз:

о Жүрек
о Қанат
о Күн
о Тас
о Өмір

Тақырыпты меңгеруге арналған ойын:

Ойынның атауы: «Сөз шеңбері»

Ойын барысы:

1. Оқушылар шеңбер бойымен отырады. Мұғалім сөзді бастап айтады, мысалы, «табиғат».

2. Келесі оқушы бұл сөзге қатысты жаңа сөз қосып, сөйлемді жалғастыруы керек. Әр оқушы бір сөз қосып отырады, бірақ жаңа сөз айтылмауы керек. Мысалы:

о Мұғалім: «Табиғат»
о 1-оқушы: «Табиғат – бұл орман»
о 2-оқушы: «Орманда ағаштар өседі»
о 3-оқушы: «Ағаштар биік»
о 4-оқушы: «Биік ағаштар құстарға үй болады» және т.б.

3. Егер бір оқушы қайталанған сөзді айтса немесе сөзді байланыстыра алмаса, ол ойыннан шығады. Соңғы қалған оқушы жеңімпаз болады.

Ойын сұрақтары:

• Қандай сөздерді байланыстыру қиын болды?
• Сөздерді байланыстыру барысында қай сөздер жиі қолданылды?
• Ойынның соңында кім ең көп сөзді байланыстыра алды?

Ойынның мақсаты:

Оқушылардың сөздік қорын байыту және сөздерді сөйлемдерде қолдану дағдыларын жетілдіру. Бұл ойын барысында оқушылар жаңа сөздерді ойша тез байланыстыруға және сөйлеу қабілеттерін дамытады.

Рефлексиялық ойын:

Ойын атауы: «Сөздің айнасы»

Ойын барысы:

1. Оқушылар жұптарға бөлінеді.

2. Әр жұптың бір мүшесі айна ретінде әрекет етеді, ал екіншісі – сөздермен жұмыс істейді.

3. Айна рөліндегі оқушыға бір сөз беріледі (мысалы, «қуаныш», «сенім», «табандылық»). Айна рөліндегі оқушы бұл сөзді ешбір сөз қолданбай, тек мимикамен және қимылмен көрсетеді.

4. Қарсы жұптағы оқушы оның көрсеткен сөзін тауып, оны бірнеше сөйлемде қолдануы керек. Мысалы, «Бұл сенім. Сенім адамға еркіндік береді. Ол әрқашан мақсатқа жетелейді».

5. Ойын соңында жұптар бір-бірінің жұмысына баға береді және талқылайды.

Ойын мақсаты:

Оқушылардың тілдік кедергілерді жеңуге, вербалды емес коммуникацияны түсінуге және сөздерді сөйлеуде қолдану қабілеттерін дамыту. Бұл ойын арқылы оқушылар өздерінің эмоциялық тілін дамытып, сөздерге деген көзқарастарын анықтайды.

Мақаламды қорыта келе, сөздік қорды дамытуға арналған ойындардың тиімділігі мынадай факторлардан көрінеді: ойын арқылы балалардың мотивациясы артады, олар оқу процесіне қызығушылықпен қатысады, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін оңай әрі тез меңгереді. Ойын формасы балаларға сөздерді тек есте сақтап қана қоймай, оларды практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойын барысында бала шығармашылық қабілетін, қиялын дамытып, тілдік қабілеттерін тереңдетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исмаилова Г. Тілді ойындар арқылы оқыту. Алматы, 1991
2. Абдрахманова М.Тілдік дағдыларды қалыптастыру әдістері.Алматы, 2020

3. Жүсіпбекова С.Сөздік қорды дамытуға арналған жаттығулар.Ақтөбе, 2021
4. Аренова Т. Рольдік ойындар. Алматы, 2007
5. Базарбекова Р.Интерактивті оқытудың ойын түріндегі әдісі. Қазақ тілі мен әдебиеті. №10, 2007
6. Базарбаева А. Сөздік қорды байыту ойындары. Алматы, 2020
7. Жақыпова Г. Тілдік құзіреттілікті ойын арқылы дамыту. Қызылорда, 2019
8. Мұхтарова Ж. Оқушылардың сөздік қорын ойын арқылы дамыту.Павлодар, 2020

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ИГЕРТУ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУ

Жакубаева Гульнур Аскаровна, Ещанова Узимхан Бауржановна, Астана қаласының «Экономикалық лицей» ЖШС қазақ тілі мұғалімдері

Аннотация: бұл мақала білім алушыларды ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар мен адами қасиеттерге тәрбиелеу.

Аннотация: данная статья посвящена воспитанию учеников важнейших моральных норм, обычаев, морали, духовных ценностей и человеческих качеств, приносящих человеку добро.

Тірек сөздер: рухани құндылықтар, ұлттық құндылықтар, салт дәстүр, мәдениет, ана тілі, тәрбие, тұлға.

Ғылым мен техника дамып, жаһандану заманында әрбір халықтың ұлттық мәдениетін сақтап қалуы өте маңызды. Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Н.Шайкенов: «Ұлт дәстүрі – заңнан биік», - деген. Салт-дәстүрлі ел – мықты әрі тұғыры берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді әрі ғажайып жол екенін көрсетті.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі болып отыр.

Ұлттық тәрбие - жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі, қалыптасуы.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашалық түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл баланы, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

— белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

— индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

— өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

— шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Ең басты мақсатым қазақ тілі сабағында ұлттық құндылықтарды оқытуды жүзеге асыру:

- қазақ әдебиетін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін дәріптеуге үйрету;
-мейірімділікке , әдептілікке тәрбиелеу;
-үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету;
-ұлағатты, даналық сөздерді меңгерту.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектепте білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз.

АСҚАР ЖҰМАДІЛДАЕВ

Асқар Серқұлұлы Жұмаділдаев 1956 жылы 25 ақпанда Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген. Белгілі ғалым және қоғам қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик. Ол Франция, Германия, Жапония, Швеция, Австрия сынды мемлекеттердің оқу орындарында шет тілінде тәлім беріп, халықаралық дәрежедегі профессор атағын алған.

Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Даналық бейсенбі» рухани-танымдық жобасында берген сұхбатында Асқар Серқұлұлы былай дейді: «Балалық шағымызда біз көп үй шаруасына көмектесеміз, одан қалса аулада ойнаймыз шаңдатып. Біздің мектепке қарама-қарсы кітап дүкені болды. Ол маған бір ертегі болып көрінетін. Күнде барып, кітап сатып аламын. Ол кезде кітап өте арзан. 2 - 3 тиын тұратын. Белгілі жазушылардың кітаптарын алып, оқимын. Біздің балалық шағымызда теледидар жоқ, үйірмелер жоқ, компьютерді тіпті білмейді ол кезде. Біз кітаппен өстік. Бірақ өзімізді өте бақытты сезінетінбіз.

Мен математик боламын деп ойламаппын. Ол кезде мен тарихқа, журналистикаға көп қызығатынмын. Өлең жазатынмын, жыр, ертегілерді, аңыз-эпостарды жақсы көрдім. Біздің тұрған ауылымыздан 22 километр жерде Сығанақ дейтін колхоз болды. Дешті Қыпшақтың ең алғашқы астанасы. Сол қаланың орны бар. Моңғол шапқынынан кейін қираған ғой. Мен соны зерттедім. Әкем велосипед сатып әперді. 6-сыныпта оқитынмын. Мен мектептен кейін сол жерге барамын, зерттеймін. Алғашқы қыштарды көрдім, тағы көп қызықты жәдігерлер менің фантазиямды оятты. Сол кезде мен алғашқы мақаламды жаздым. Ол кезде балалар оқитын жалғыз газет болатын. Сол «Қазақстан пионері» газетіне «Қазақ деген сөз қайдан шықты?» деген мақалам шықты. Солай, менің арманым журналист, ақын, тарихшы не жазушы болатын».

Ғалым өзінің математика ғылымында «Төрткен төртқара» алгебрасы шығуы жөнінде: « ... Алгебралар соңғы уақытта көбейіп кетті. Сондықтан осы кітаптың атауына көп мән бердім. Математика ғылымында образбен ойлаған тиімді. Мен төртінші дәрежелі бір тепе- теңдік ойлап таптым. Сондай әдемі. Өзім қуанып кеттім. Сол кітабыма ат қоюдың себебі де сол теңдеудің дәрежесі төрт болатындығы. Солай төрт қара болды. Басқа төртпен байланысты қазақта сөз үйлесі жоқ. Кіші жүзде Төртқара деген ру бар. Самарқанды 17 жыл билеген әйгілі Жаланҭөс баһадүрдің руы. Жауға шыққанда кедергі келтірмесін деп сауыт- сайманын шешіп тастайтын болғандықтан, солай аталып кетіпті. Бірақ атамыз тек қана соғыстың шебері болмаған. Сонымен қатар ғылымға, білімге, өнерге үлкен қамқорлық жасаған кісі. Мысалы, Самарқанның ортасында Регистан дейтін жер бар. Сонда үш мешіт тұр. Біреуін Ұлықбек салдырған. Ал екеуін Жаланҭөс баһадүр салдырған. Тарихта үлкен із қалдырған атамыз ғой, математикада аты қалсын деп ойладым. Осылайша, алгебраны

қазақша «Төрткен Төртқара» деп атадым», – дейді.

Өркениетке ұмтылған Қазақстан еліміз үшін біртуар математик Асқар Жұмаділдаев ашқан ғылыми жаңалықтары, баулып жатқан жүздеген шәкірттері, қазақ ғылымының көсегесін көгертетін ерен еңбегі – өскелең ұрпаққа өнеге.

МӘТІН БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. А.Жұмаділдаев алғаш мақаласын қай басылымға берді?
A) «Даналық бейсенбі» B) «Қазақ деген сөз қайдан шықты?»
C) «Қазақстан пионері» D) «Төрткен Төртқара»
E) «Қазақстан»

2. Алғашқы зерттеу жұмысын қашан бастады?
A) 6-сыныпта B) Әкесі велосипед әпергенде
C) 17 жасында D) Монғол шапқынынан кейін
E) Фантазиясы оянғанда

3. Кітаптың «Төрткен төртқара» аталуының себебі?
A) Еуропа елдеріне сабақ беруіне байланысты
B) Әкесі төртқара руынан болды
C) Самарқандағы үш мешіттің құрметіне
D) Төртінші дәрежелі тепе-теңдік ойлап табады
E) Досының ұсынысын қабылдайды

4. Ғалым балалық шағында не нәрсеге қатты қызыққан?
A) кітапқа B) ғылымға
C) математикаға D) алгебраға
E) велосипедке

5. Мәтінге сәйкес ақпаратты табыңыз.
A) Сол кітабыма ат қоюдың себебі де сол теңдеудің дәрежесі тоғыз болатындығы.
B) Математика ғылымында образбен ойлаған тиімді.
C) Біз балалық шағымызда теледидарды аз қарадық.
D) Менің арманым математик болу еді.
E) Күнде барып, кітап сатып алмады.

6. Барыс септігіндегі есімдікті анықтаңыз.
A) мектепке
B) мені
C) маған
D) өркениет
E) қазақта

7. Сан есімнің мағыналық түрін анықтаңыз. 6-сыныпта оқитынмын
A) есептік B) реттік C) жинақтық
D) топтау E) болжалдық

8. Шылаудың мағыналық түрін анықтаңыз.
Тарихта үлкен із қалдырған атамыз ғой, математикада аты қалсын деп ойладым.
A) Ыңғайлас мәнді жалғаулық B) Нақтылау мәнді демеулік
C) Қарсылықты жалғаулық D) Септеулік шылау
E) Талғаулықты жалғаулық

9. Сөз тіркесінің байланысу түрін анықтаңыз. Теңдеудің дәрежесі.
A) Матасу B) Жанасу C) Қабысу
D) Қиысу E) Меңгеру

10.Сабақтас құрмалас сөйлем қатарын анықтаңыз.
A) Тарихта үлкен із қалдырған атамыз ғой, математикада аты қалсын деп ойладым.
B) Жауға шыққанда кедергі келтірмесін деп сауыт-сайманын шешіп тастайтын болғандықтан, солай аталып кетіпті.
C) Осылайша, алгебраны қазақша «Төрткен Төртқара» деп атадым.
D) Сонымен қатар ғылымға, білімге, өнерге үлкен қамқорлық жасаған кісі.
E) Алғашқы қыштарды көрдім, тағы көп қызықты жәдігерлер менің фантазиямды оятты.

Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, перзенттік парыз, адамгершілік борыш,

ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ
Салт-дәстүр

I.Тыңдаңыз. QR кодты сканерлеңіз

II. Мағынасын түсініңіз.

Салт-дәстүр – тұрақтылық қасиетіне ие болған мәдени іс-әрекеттер жинағы. Ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп.

III. Тапсырмаларды орындаңыз..

1-тапсырма. Тыңдаңыз. Сөйлемді жалғастырыңыз.

Шілдехана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той ай шіркін-ай,

2-тапсырма. Сөздерді жинақтаңыз!

далада, тербеткен, қыз-бозбала, кең, ән мен күйді

3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі тағы басқа қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер

ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз «Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы», «Тәрбие басы – тал бесік» деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ.

Мектебімізде ұстаздарымыз тәрбие сағаттарын, өткізілетін іс-шараларды, ғылыми жобалардың тақырыптарын ұлттық құндылықтарға бағыттап алады. Атап айтар болсақ, «Қара жорға» биінің зерттелуі, «Етістіктердің ұлттық ойындарда қолданылуы», «Қазақ ертегілері – қазіргі жастар көзімен» т.б.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттаумыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Классикалық зерттеулер. 16-том. https://ulan.kazgazeta.kz/news/34139
2. https://e-history.kz/kz/news/show/593/ ©e-history.kz
3. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында/Халықаралық конференция материалдары. Алматы 2006 жыл, 176 бет.

ДӘСТҮРЛІ ӘН МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Жекеева Балдырған Төлегенқызы
Қарқаралы қаласы балалар өнер мектебінің дәстүрлі ән айту сыныбының ұстазы, педагог-сарапшы

Құлақтан кіріп, бойды алар
Әсем әнмен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй.

Абай қазақтың ән мен күй құдіретін осылай жырлаған. Себебі, қазақтың әні мен күйі – халқымыздың көне заманнан бері қалыптасқан асыл қазынасы, ұлттың бекзат болмысы, жүрек сыздатқан сағынышы, көңілдің нәзік қылын шертер сезімі, мұңшері, қызық қуанышы.

Дәстүрлі әнге оқытуға жағдай жасау. Балаларды ұлттық музыка мәдениетіне араластыру; Дәстүрлі ән мектептерінің ерекшеліктерін ажырата білу. Халық әнін талдау арқылы оқушының ой өрісін, шығармашылық қабілетін дамыту; Білім алушының отандық мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді, халық шығармашылығының озық үлгілерін меңгеру арқылы өнерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақ халқының рухани жәдігерліктерінің ішінде мақтаныш етер бай мұрасының бірі – дәстүрлі әндер. Музыка зерттеушілерінің айтуына қарағанда, халқымызда 5 мыңнан аса күй, 12 мыңға жуық ән бар көрінеді. Бұл - қазақ әншілік өнердің сан ғасырлық даму тарихының бар екендігін бірден бір айғағы.

Киелі қара домбыра мен қарт қобыз сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі ән өнері кемел құрылымымен, кең диапазон, күрделі ырғақ-иірімдерімен ерекшеленеді. Талай ғасыр сүзгісінен өтіп бүгінге жеткен дәстүрлі ән өнерінде әуендік, орындаушылық, құрылымдық өзгешеліктері мен кең тараған мекеніне байланысты шартты түрде бірнеше

мектеп қалыптасты. Олар – Арқа, Батыс, Алтай-Тарбағатай және Жетісу, Сыр мектептері.

Біз нотамен үйретпейміз, көп жағдайда тыңдау арқылы үйретеміз. Әнді тыңдау арқылы алу керек. Өйткені, нотада әннің характері жазылмайды. Әнді нотамен үйрену үшін әннің не екенін түсінетін жаста болуың керек. Тұла бойың тұтас әнші болуы керек. Алдымен қағысты үйреніп алып, ары қарай үйренесің. Ол үшін әнді қорыта алатын адам болуың керек. Нотаны алып, ондағы әнді үйреніп алғанмен, әннің бұрылысын, үзілтіп не шырқап беретін жерін келтіре алмауың мүмкін. Әннің бүкіл табиғатын, болмысын бойына сіңірген адам ғана нотадан әннің негізгі формасын алып, содан кейін ән жасай алса, ол басқа әңгіме. Ал нотамен ғана үйрене салу әншілікке апармайды. Әнші болу үшін алдыңдағыны тыңдау керек. Кешегі өткен ақсақалдарды миға, жүрекке, бүкіл тұла бойыңа жазуға тиіссің. Екі-үш қағысынан-ақ кімнің әні екенін білетін деңгейге жетуің керек.

Қазақ халқында дәстүрлі әннің алатын орны күшті. Дәстүрлі әндердің мектебі жақсы дамыған. Дәстүрлі әндердің көбісі тәрбиеге, құндылықтарды сақтауға, бағалауға, адамның көңіл күйіне байланысты. Дәстүрлі ән өнерінің әртүрлілігі аймақтық мектептерге бөлінуіне байланысты. Яғни, орындаушылық ерекшеліктеріне қарай оқыту тәжірибесі қалыптасқан. Жалпылама айтқанда,

Арқа мектебі
Жетісу мектебі
Алтай-Тарбағатай мектебі
Батыс Қазақстан мектебі болып бөлінеді.

Мысалы, Біржан сал, Ақан сері, Майра Уәлиқызы, Шашубай, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Уәйіс Шондыбайұлы т.б. – Арқа мектебінің өкілдері болып саналады. Олардың әндері де еркін ырғақпен айтылып, басқа мектептерге қарағанда диапозоны мейлінше кең болады. Арқа әндерінің кәсіби мектебін жасағандар – Ж.Елебеков, Ж.Кәрменов, Қ.Байбосыновтар, Мейірхан Адамбеков. Бұлардан өзге, ән өнерінде ерекше із қалдырған Қ.Байжанов, Ә.Қашаубаев, Қ.Бабақов, Қ.Лекеров, Б.Жылқыбаев, М.Ержанов, Ж.Омарова, Р.Есімжанова, Р. Қойшыбаева, М.Көшкінбаев, И.Әлібаев, Ж.Қартабаева, Л.Сүйіндікова, М.Ешекеевтердің атын атай аламыз.

Батыс Қазақстандық әншілік мектеп – еліміздің батыс өлкесінде дамыған әншілік өнер. Бұрынғы Бөкей Ордасының жерінде шырқалған төкпелі жыр негізінде синтезделген желдірмелі ән Мұхит арқылы жаңа белеске көтерілді.

Мұхит әндері Атырау, Ақтау, Орал, Ақтөбе жерінен бастау алып Сыр мен Арқаға дейін қанатын жайған. Бұл мектептің басында Ғарифолла Құрманғалиев тұр, Ғарифолла Құрманғалиевпен үзеңгілес өнерпаз ретінде Әли Құрмановтын есімін құрметпен атай аламыз. Ғарифолла мектебінен шыққан оның шәкірттері – Қ.Бекбосынов,Қ.Орашева, Қ.Рахимова, А.Дәрібаева, Ж.Сәрсенғалиев. Қ Ақтаев. М.Төрешов, Қ.Бердіғалиев, Ә.Еңкебаев, Қ.Құлышева, С.Таутаева, С.Рахметжанов, С.Әбдірахманов, С.Жанпейісова, С.Мырзабаева, А.Қосанова, Қ.Кәкімовтар.

Халық әндері аймақтық мектептерге бөлінгенмен негізгі сарыны жалпы қазақы әнге ортақ сазға құрылады, сондықтан бір өлкенің әнін басқа өлкенің әншісі қиналмай айта береді, яғни қазақ әнінің біртұтастығы аймақтық әншілік мектептеріне қанша жіктегенмен бұзылмайды. Ғарифолланың Арқа әндерін тамылжыта шырқағаны, Жүсіпбектің Мұхит әндерін тебірене айтқаны соған дәлел бола алады.

Жетісу мектебі – қазақтың көне әндерінің, әсіресе халықтық әуендердің мол сақталған әншілік өнер шоғыры саналады, орындалуы мен домбырада сүйемелденуі Арқа әндеріне өте ұқсас, сондықтан бұл мектептің өкілдерінің репертуарында Арқа сазгерлерінің әндері де кең орын алады. Жетісу әншілігінің көрнекті өкілдері ретінде Жамбыл, Кенен, Қапез, Пішан, Дәнеш Рақышев, Ержан Қосбармақовты атай аламыз.

Жетісу ән өнерін дамытушылардың көбін әнші-ақындар тобына жатқызуға болады. Алайда, олардың сал-сері болмағаны белгілі. Әнші-ақындарға тән қасиет – ақындық пен әншілігі, өнерпаздығы қатар келуінде. Олар ән мәтіні мен әуенін өздері шығарып қана қоймай, оны асқан шеберлікпен орындай білген. Әнші-ақындар өзі өмір сүрген заманына қарай халықтың әр түрлі тарихи-әлеуметтік мәселелеріне, тұрмыс-тіршілігіне қарай лирикалық әндер тудырған.

Солардың бір легі тақырып аясы жағынан халықтың тарихи қасіреттеріне,

автордың өз тағдырына байланысты айтыла келіп, замананың сыры, елдің мұңы ретінде өнер туындысы болып шырқалады. Бұған Шалтабайдың «Менің атым Шалтабай», Кенен Әзірбаевтың «Көк шолақ», «Бозторғай», «Бұлбұл», Қапездің «Дуние-ай», «Айхой», «Меркі», Таңжарықтың «Амандасу» сияқты әндерін жатқызуға болады.

Көне сарындар, соның ішінде, сонау оғыз заманынан бері қарайғы сарындар Сыр бойында сақталған. Көне сарынның біразы Алтайда сақталған еді, біз оны ұстап қала алмадық. Алтай-Тарбағатай ән мектебі деп айтуын айтамыз. Бірақ, ол өңірдің Арқадағыдай Ақан, Біржан секілді үлкен тұлғалары да жоқ. Әндері көбінесе қара өлең болып келеді. Арасында байырғы, көне сарын аңғарылады. Алтай-Тарбағатай өңірінің әндері мен Жетісудің әндері бір-біріне өте жақын. Алғашқысында көне сарындар басым да, Жетісу әндерінде өзінше бір өзгешелік бар. Жетісу – ақындар мен жыршылардың елі. Әрісін айтпағанда, кешегі Кененге дейінгі, бүгінгі Сағатбек Медеубекұлына дейінгі қаншама ән авторлары бар. Қапез, Сәдіғожа, Кенен болып кете береді. Ал бөлінуге келсек, қазақтың жері, табиғаты өзі-ақ осылай бөлінуге алып келген. Бірақ, әуен қазақты бөледі деп айта алмаймын. Ел-жұрт жаңағыдай ойламауы үшін әншілерде шек, шекара болмауы керек. Арқаның әншісі тек Арқаның әнін орындасын, Жетісудың әншісі осы өңірдің әндерін ғана айтсын деген қатып қалған талап жоқ. Соңғы кездері мұны көп айтып жүрмін. Себебі, сөйлейтін тіліміз бір, ұстайтын аспабымыз біреу, онда неге бөлінуіміз керек? Неге Батыстың әндерін Батыстың әншісі ғана орындауы керек? Бұл дұрыс емес. Мысалы, Естайдың «Қорланын» батысша айтуға болады деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Кейіннен Ғарекеңнің – Ғарифолла Құрманғалиевтің орындауында естіп, қайран қалдым. Ғарекең Арқаның әндерін Батыстың стиліне, домбыра қағысына салып, көп орындады. Батыс әндерін көбінесе домбыра қағысы ерекшелейді. Домбыраның қағысы күймен байланысты. Батыстың күйлері төкпе күйге жатады. Күйлері адуынды, жігерлі, жылдам ойналатын болғандықтан, әндері де солай. Батыстың күйлеріне түркіменнің ықпалы көп. Біраз күйлерінде түркіменнің қағыстары бар. Сержан Шәкіратов ағамыздың орындауында ол қатты байқалады. «Қарғаш», «Балқадиша», «Қорлан», Жарылғапбердінің «Ардағы» сияқты көптеген әндерді Ғарекең орындады. Сондай-ақ Мұхиттың әні «Зәурешті» Жүсіпбек Елебеков орындаған. Жетісу, Алтай, Арқа бір-бірінен аса алыс емес. Әндері, домбыра қағысы да бір-біріне келеді. Ал одан ары қарайғы Сыр, Батыс өңірінің әндерінде қағыс, мимика мүлдем бөлек.

Қасиет пен кие қонған Сыр топырағы талай жылдан бері Сырдың бойын жайлаған елдің ата күлдігі, құт қонысы болып келеді. Осы ескі көңнің ерекшеліктері өнер мен мәдениетте, тілдік сипаттарда көрініп тұрады. Әсіресе, көмейге салып құмығыңқы үнмен нақыл сөздерді төгіп жататын жыршыларындағы өзгеше өріс кімді болса да ойландырары анық.

Сонау әрісі Сақтар мен берісі Оғыз замандарынан бермен келе жатқан киелі өнер біздің заманымызға дейін жалғасып келеді. Қанмен берілетін текті өнер өкілдері жағдайсыздығын білдірмей, түп санадағы ақсүйектік қалпының әлсірегенін сездіргісі келмесе де, байқампаз жандардың зердесіне шаншудай қадалып, анық көрініп тұрады. Түп тұқиянымыздан хандардың ақылшысы, кеңесшісі болған асыл сөздің өкілдеріне Жаңа Қазақстандық көзқараста өзгергенін қалаймыз. Қарт Қаратаудан бастап, айдынды Аралға дейін ортаны кешегі кеңес үкіметі кезінде үш мектепке бөліп, мыңдаған өнерпаздар шоғырын үшке бөліп, әділетсіз шама жасады. 1986 жылдар шамасында Алматы қаласынан Мардан Байділдаев туған жеріне келіп, ұлы өнердің өшіп кетуіне қауіптеніп, Қармақшы ауданы білім бөлімімен келісіп, ауылдық мектептердің ішінен бір класс алуға қол жеткізеді. Сол сыныптарда Тұрмағамбет ауылында Тасберген жырау мектебі, жетекшісі Сүйінбай Ақбаев, Ақжарда Сәрсенбай жырау мектебі, жетекшісі Алшынбек Сәрсенбайұлы, Қармақшыда Жиенбай жырау мектебі, жетекшісі Бидас Рүстембеков, Рүстембек жырау мектебі, жетекшісі Шамшат Төлепова болып, өнерге қызметтерін бастаған. Сол уақыттан бері қара дәстүрлі жыраулық өнерді мектептерге бөліп қарайтын үрдіс пайда болды. Бұл дұрыс тенденция емес. Алаштың анасы атанған Сыр елі – күллі адамзат атаулының бастау тарихы. Адамға Алла тарапынан берілген барша нығмет атаулыға жаралған топырақтың үлесі бар десек, онда сол қасиет пен киенің ішіндегі өнер де бар. Демек, біздің бойымыздағы жыр өнері есте оқ ескі замандардағы түп санының жаңғырығы болмақ. Сол

секілді Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған өңірлерінің де ешкімге ұқсамайтын, сол өңірге ғана тән ерекшеліктері бар. Сондықтан ұлттың ұлағаты мен ақыл-нақылын дәріптейтін ұлы өнердің ауқымын тарылтып, шағын шеңберге салудан аулақ болуымыз керек. Мына шеті Арал, ана шеті Қаратауға дейінгі аралықтағы әрбір жыршы-жырауларымыз бен ақын-шайырларымыздың әрқайсысы бір-бір мектеп.

Дала мектебінен өріс алған, халқымыздың ән-күйі ауызша таралып, ұрпақтан-ұрпаққа, ұстаздан-шәкіртке беріліп, біздің ғасырымызға жетіп отырғаны мәлім. Ендеше қазақтың дәстүрлі әні құрып кетпесін десек осы жолда аянбай еңбек ету керек.

Қолданылған әдебиеттер:

М.Әбуғазы «Сарыарқа әуендері», интернет желісі «Сырлы саз» бағдарламасы, Б.Саймағанбетов «Сыр өңіріндегі жыр мектептерінің ерекшеліктері», «Қазақтың ән-күйі ұлттық тәрбиенің көзі» Әдістемелік құрал-Г.А.Есімбаева, Ж.Қ.Боқанова, Ж.К.Кәрімова

РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ С ПОМОЩЬЮ СИНГАПУРСКИХ ПРИЁМОВ

С. А. Зайцева
ТОО «Alpamys School» г. Астана, Республика Казахстан

Аннотация. Мақала «Talking Mat» және «See-Think-Wonder» сингапурлық білім беру әдістемелерін қолдану арқылы логикалық ойлау дағдылары мен ынтымақтастықта тиімді оқытуды дамытуға көмегі туралы. Осы технологияларды қолдану оқу процесін білім алушыларға бағыттауға мүмкіндік береді, логикалық ойлау мен жан-жақты дамытуға әсер етеді. Бұл технологияларды пайдалану арқылы білім алған оқушылар оқу процесіне белсенді қатысатынын, пәндер бойынша жоғары нәтижелерге жететінін, ынтымақтастықта жұмыс істеуге қызығушылық танытатынын байқауға болады. Қол жеткізген нәтижелер бұл технологиялардың логикалық ойлау дағдыларын дамытудың бірден-бір тиімді құралы екенін көрсетеді. Осы технологияны пайдалану оқу процесін белсенді, тартымды және тиімді етуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: See - Think-Wonder, логикалық ойлау, Сингапур әдістемесі.

Аннотация. Статья посвящена сингапурским приёмам «See- Think- Wonder», который поможет в развитии логического мышления и приём на эффективное

обучение в сотрудничестве. Использование этих приёмов позволяет сделать учебный процесс более ориентированным на обучающихся, способствует развитию логического мышления и всестороннего развития. Обученные с использованием данных приёмов, показывают: активное участие в учебном процессе, высокие результаты по предметам, заинтересованность в сотрудничестве. Эти результаты говорят о том, что данные приёмы представляют собой мощные инструменты для развития логического мышления. Они позволяют сделать учебный процесс более интерактивным, вовлекающим и эффективным.
Ключевые слова: See- Think- Wonder, логическое мышление, сингапурский приём.

Введение

В соответствии с особенностями ГОСО и реализации ТУП, содержание математики на уровне начального, основного и общего среднего образования должно обеспечивать развитие логического мышления. Контекстно задачи должны соответствовать учебной программе. Важно, чтобы обучающиеся систематически задавались вопросами, а задания состояли не только из текста, но и из иллюстраций. Необходимо, чтобы обучающиеся имели не только академические знания, но и обладали навыками функциональной грамотности. Логическое мышление даёт возможность для развития функциональной грамотности.

Развитие логического мышления возможно с помощью сингапурских приёмов. Сингапурские обучающие структуры представляют собой набор инновационных методик, направленных на повышение эффективности обучения и развития критического мышления у обучающихся. Эти структуры, разработанные в Сингапуре, получили широкое признание во всем мире благодаря своей результативности. Разработчиком данных структур является Спенсер Каган. Он придумал более 250 приёмов.
«Детей нужно учить «как» думать, учить самому процессу, а не тому, «что» они должны думать» (М. Мид). Включение в учебный процесс приёмов для развития логического мышления, даёт возможность воспитания думающей и всесторонне развитой личности.

Методология

Одной из ключевых особенностей сингапурской технологии является использование специальных обучающих приёмов, которые направлены на развитие глубокого понимания материала, логического мышления и сотрудничества.

Цель данных приёмов: переход от пассивного обучающегося к заинтересованному. Это не просто отдельные упражнения, а целая система, которая позволяет организовать учебный процесс таким образом, чтобы каждый обучающийся был активно вовлечен в процесс обучения, мог самостоятельно строить знания и развивать свои навыки.
«See- Think- Wonder» или «Посмотри- Подумай- Задумайся»- это мощный инструмент для развития логического мышления. Он не только стимулирует любознательность, но и помогает формировать глубокое понимание изучаемого материала.

Эффективное обучение в сотрудничестве проводится при условии, что обучающиеся сидят в командах по 4- 5 человек. При такой посадке создаются возможности для: индивидуальной ответственности, позитивной взаимозависимости, равном участии, одновременном взаимодействии. То есть все обучающиеся занимают одинаковую позицию, нуждаются друг в друге и успех зависит от каждого, все имеют равный статус и время для равного участия, виден каждый и каждый несёт индивидуальную ответственность, все одинаково и одновременно вовлечены в учебную задачу.

Практическое применение

С целью выявления уровня развития логического мышления обучающихся 3 класса, была составлена и проведена диагностика. Входная диагностика проводилась в начале 3 четверти, итоговая- в начале 4 четверти 2024 год. Она решала следующие задачи: оценить качество задаваемых вопросов, умение задаваться вопросами при получении информации, умение связывать понятия.

Были составлены критерии:
умеет связать два понятия, задаёт вопросы;
составляет вопросы по изображению;
задаёт качественные вопросы.

Для того, чтобы обучающиеся понимали, как работать с данными приёмами, первые три урока учитель давал подробную инструкцию, объяснял на примерах, обсуждал, что было сделано верно, над чем ещё нужно поработать. После этого два урока обучающиеся работали над заданиями самостоятельно. Для того, чтобы провести входную диагносту, было важно понимать, что все обучающиеся знают, что от них хотят, как выполнять задания, какого качества должны быть работы.

Многие обучающиеся при выполнении работы по таблице: «Я вижу- Я думаю- Вопрос», описывали не то, что видят фактически, а свои ассоциации. Такие ответы тоже не засчитывались. Либо не могли связать два понятия и задать вопрос.

В 3 классе 22 обучающихся. По диаграмме видно, что на начало 3 четверти связать два понятия и задать вопрос смогли только 3 обучающихся, а составить качественные вопросы по изображению смогли только 4 обучающихся. На начало 4 четверти, при повторной диагностике, все обучающиеся смогли справится с данными заданиями.

Рисунок № 1

Проанализировав результаты повторной диагностики, стало очевидным, что данные приёмы учат анализировать, связывать понятия, рассуждать, подвергать сомнению, формулировать вопросы, думать логически, работать в команде. Единственными недостатками приёмов могут быть: отсутствие элементарных знаний по заданным темам; при работе по таблице требуются изображения, которые будут подталкивать к размышлениям и вопросам; умение работать в команде.

Урок математики в 3 классе. Тема: Задачи на промежутки.

1 этап. Перед началом урока, обучающимся необходимо раздать таблицу «Я вижу- Я думаю- Вопрос». Учитель, не объясняя новую тему, показывает изображение. В первом столбце «Я вижу», необходимо записать всё, что учащиеся видят на изображении, только факты. Например: «Я вижу- растения». На данный этап учитель даёт 1 минуту. После того, как закончилось время. Читают, что записали. Если у кого- то такого ответа нет, обязательно дописать, поставив чёрточку под своими ответами. Обучающимся необходимо записать не менее 10 слов.

2 этап. На втором этапе, учащимся напротив слов в первом столбике необходимо записать, что они об этом думают. Например: «Я вижу- растения. Я думаю- нужно высадить». Даётся минута. Заполняется второй столбик. Должно быть минимум шесть вариантов.

3 этап. Прописав первый и второй столбик, начинаем работать с третьим столбиком «Вопрос». Вопросы записываются только там, где есть записи во втором столбце. Обучающиеся читают первый столбик, потом второй и продумывают вопрос, ответ на

который не знают. Например: «Я вижу- растения. Я думаю- растения нужно высадить. Вопрос- Как рассчитать, сколько растений нужно высадить на данном участке?» Учитель даёт 2 минуты.

4 этап. На данном этапе обучающиеся будут проговаривать по кругу и по очереди всё, что записали. Каждый проговаривает: «Я вижу … Я думаю … Вопрос …». Даётся 4 минуты.

Рисунок № 2

Рекомендации

Рекомендации применения «See- Think- Wonder» и эффективного обучения в сотрудничестве:

адаптировать приёмы в зависимости от возраста и знаний обучающихся;

начинать необходимо с более лёгких заданий с постепенным усложнением;

необходимо использовать, как можно более разнообразные визуальные и текстовые материалы;

необходимо подбирать такие задания, чтобы вызвать интерес у обучающихся;

учить задавать такие вопросы, которые требуют развёрнутого ответа;

на примере проделанных работ объяснять, что получилось очень хорошо, над чем ещё нужно поработать;

важно вовремя давать обратную связь;

важно объяснить, что каждый имеет право на ошибку и задания не оцениваются;

учить работать в команде, учить сотрудничеству и уважению к работе одноклассников;

для достижения результата, применять данные приёмы систематически.

Заключение

Обучающие структуры «See- Think- Wonder» и эффективное обучение в сотрудничестве, как структуры визуального мышления, помогают развивать логическое мышление, наблюдательность и способность формулировать вопросы, а также сделать процесс обучения более увлекательным, интерактивным и ориентированным на развитие логического и аналитического мышления у обучающихся. Анализ диагностик подтвердил высокую эффективность сингапурских приёмов в развитии логического мышления и всестороннего развития обучающихся. Применение сингапурских приёмов не только представляют собой ценный инструмент для развития логического мышления, но и способствуют повышению академической успеваемости, формированию таких важных качеств, как любознательность, креативность, сотрудничество, умение работать в команде. Обущающиеся с помощью данных приёмов увлекаются процессом обучения и активно включаются в учебный процесс, проявляя высокий уровень заинтересованности. Важно отметить, что успешное внедрение этих приёмов требует системного подхода и активного участия учителя. Данные приёмы дадут хорошие возможности для развития функциональной грамотности, что является приоритетным для успешности в будущем. Они особенно полезны для начальной школы, где обучающиеся начинают осваивать основы анализа и рефлексии. Данные приёмы можно использовать в различных предметных областях, включая литературу, русский язык, математику, естествознание, познание мира, изобразительное искусство.

Список использованных источников

1. Загайнова А. Г. Формирование универсальных учебных действий посредством применения сингапурских структур/ А. Г. Загайнова, О. А. Михайлова // Начальная школа: проблемы и перспективы, ценности и инновации : Сборник статей по материалам XIV Всероссийской научно-практической конференции, Йошкар-Ола, 25 февраля 2022 года. – Йошкар-Ола: Марийский государственный университет, 2022.

2. Калинина А. Б., Кац Е. М., Тилипман А. М. Математика в твоих руках: Начальная школа. - 3- е изд., испр.- М.: ВАКО, 2013. 384 с.
3. Легина А. В. Сингапурская методика обучения: традиции и инновации // инновационные технологии в современном образовании. – 2019. – С. 167-173.
4. Руководство для учителя. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016 «Жолдак Е. В.», 2011. – 206 стр.- Серия «Школа профессионального развития»
5. Фейдл Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха / Чарльз Фейдл, Майя Бялик, Берни Триллинг: Пер. с англ. – М.: Издательская группа «Точка», 2018.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ

Искакова Гульмира Армияновна, Астана қаласы, «Садвакасов Х.Ж. атындағы Елордалық Мектебі» ЖММ, қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі

Аннотация
Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту мәселесі қарастырылады. Оқушылардың өз ойын еркін жеткізу, пікірталас жүргізу және диалог құру дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Сондай-ақ, сабақ барысында қолданылатын белсенді әдіс-тәсілдер, мысалы, диалогтық оқыту, рөлдік ойындар және әдеби шығармаларды талдау әдістері талқыланады. Мақалада оқыту процесін тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың тілдік және әлеуметтік құзыреттіліктерін дамыту жолдары көрсетілген.
Тірек сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, қазақ тілі, әдебиет сабағы, белсенді әдістер, диалогтық оқыту, рөлдік ойындар, пікірталас, әдеби талдау, тілдік дағды, оқушы құзыреттілігі.

Кіріспе

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары білім алушылардың тек тілдік білімін ғана емес, сонымен қатар олардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз – бұл адамға өз ойын нақты, түсінікті және тиімді түрде жеткізе алу қабілеті. Бұл қабілет тек тіл білімін игеруге ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынастарды да жетілдіруге бағытталған. Қазақ тілі мен әдебиетінің сабақтарында білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту – бұл оқу процесінің маңызды аспектісі және оны тиімді жүзеге асыру үшін арнайы әдістер мен тәсілдер қажет.

Коммуникативтік құзыреттілік: Теориялық негіздер

Коммуникативтік құзыреттілік көп аспектілі құбылыс болып табылады. Оның құрамына лексикалық, грамматикалық, прагматикалық және социолингвистикалық аспектілер кіреді. Бұл аспектілер білім алушылардың тілдік білімдерін қалай қолданатындығын және түрлі әлеуметтік жағдайларда өз пікірлерін қалай білдіретіндігін анықтайды.

1. Лексикалық аспект: Сөздердің мағыналарын дұрыс түсіну және қолдану.
2. Грамматикалық аспект: Тілдің грамматикалық құрылымдарын дұрыс қолдану.
3. Прагматикалық аспект: Тілдік әрекеттің мақсатын, сөйлеу контекстін түсіну.
4. Социолингвистикалық аспект: Әлеуметтік және мәдени контексте тілдік әрекеттің орындалуы.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту әдістері

1. Тілдік практика және диалог

Сабақтарда білім алушылардың тілдік практикаларын үнемі қолдап отыру маңызды. Тілдік практика арқылы білім алушылардың сөйлеу, тыңдау және жазу дағдыларын жетілдіруге болады. Диалогтарды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік бар. Мысалы:

• Рөлдік ойындар: Білім алушыларға әртүрлі рөлдер беріп, нақты әлеуметтік жағдайларда тілдік әрекеттерді орындау.

• Топтық жұмыстар: Білім алушыларды топтарға бөліп, әртүрлі мәселелерді талқылауға немесе шығармашылық тапсырмаларды орындауға шақыру.

2. Әдеби шығармаларды талдау

Әдеби шығармалар білім алушылардың тілдік қоры мен коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға арналған. Әдеби шығармаларды талдау барысында білім алушылардың:

• Сюжетті түсінуі: Оқиғаның мәнін түсіну және талдау.

• Мазмұнды талқылауы: Шығарманың тақырыбын және идеяларын талқылау.

• Персонаждар мен кейіпкерлерді саралауы: Персонаждардың мінез-құлықтарын және олардың әлеуметтік рөлдерін түсіну.

Әдеби шығармаларды талдау арқылы білім алушылар өз пікірлерін дәлелдеу, аргументтер келтіру және пікірталас жүргізу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

3. Жазба жұмыстар

Жазба жұмыстар білім алушылардың тілдік ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Білім алушыларға эссе, мақала, хат сияқты жазба жұмыстарды орындау тапсырмаларын беру олардың жазбаша коммуникация дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Мұндай жұмыстар білім алушылардың:

• Логикалық ойлау: Ойларды дұрыс құрылымдау және түсінікті түрде жеткізу.

• Креативтілік: Шығармашылық тәсілдерді қолдану.

• Грамматикалық және орфографиялық дағдылар: Жазба жұмыстардағы грамматикалық және орфографиялық қателерді жою.

4. Сөйлеу мәдениетін дамыту

Білім алушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту үшін:

• Тілдік жаттығулар: Білім алушыларға түрлі сөйлеу жаттығуларын орындау арқылы олардың сөйлеу дағдыларын жақсарту.

• Жаттығулар мен тренингтер: Тілдік әрекеттерді дамыту үшін арнайы тренингтер мен жаттығулар ұйымдастыру.

• Публичті сөйлеу: Білім алушыларға қоғамдық орындарда немесе сыныпта өз пікірлерін білдіру мүмкіндігін беру.

Коммуникативтік құзыреттіліктерді бағалау

Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін бағалау үшін:

• Ауызша және жазбаша жұмыстарды тексеру: білім алушылардың сөйлеу және жазба жұмыстарын бағалау.

• Сауалнамалар мен анкета: Білім алушылардың өздерін бағалауы және пікірлерін сұрау.

• Кері байланыс: Білім алушылардың әрекеттеріне қатысты мұғалімнің кері байланысы.

Қорытынды

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту – бұл оқу процесінің маңызды бөлігі. Бұл құзыреттілікті дамыту үшін тілдік практика, әдеби шығармаларды талдау, жазба жұмыстар және сөйлеу мәдениетін дамыту сияқты әдістерді қолдану керек. білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін тиімді бағалау арқылы олардың тілдік қабілеттерін жақсартуға және қоғамдағы рөлдерін күшейтуге болады. Бұл процесс білім алушыларды тілдік және әлеуметтік жағынан жетілдіруге бағытталған және олардың болашақтағы жетістіктеріне негіз болады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:
1. Маденова, С. (2015). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Раритет.
2. Жүнісова, А. (2018). Қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілік. Астана: Елтану.
3. Ахметов, К. (2020). Қазақ әдебиетінің теориясы мен әдістемесі. Алматы: Ғылым.
4. Құдайбергенов, А. (2021). Әдеби шығармаларды талдау: әдістемелік нұсқаулар. Нұр-Сұлтан: Әдебиет.
5. Рахметова, Г. (2017). Жазба жұмыстарды бағалау әдістемесі. Алматы: Ұлағат.
6. Исмаилова, Ж. (2019). Сөйлеу мәдениеті: негіздер мен тәжірибе. Шымкент: Мәдениет.
7. Омарова, Л. (2022). Қазақ тілінде сөйлеу және жазба дағдыларын дамыту әдістері. Қызылорда: Ғылым.
Қосымша ресурстар:
Султанова, Д. (2021). Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында коммуникативтік құзыреттілікті дамыту. Алматы: Педагогика.

ҚАЗАҚ БИІНІҢ ОРТАДА ЖАСАЛАТЫН ҚИМЫЛДАРЫ

Исмагулова Райля
Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «Арал ауданының Өнер мектебі» КМҚК би сыныбының мұғалімі

Сабақ тақырыбы: «Қазақ биінің ортада жасалатын қимылдары»
Сабақтың мақсаты: Оқушыға қазақ биінің тұрмыстық салт-дәстүрлік қимылдардың түрлерінен жан-жақты мағлұмат бере отырып дұрыс меңгеруге, орындаушылық техникасының өсуіне бағыт бағдар беру. Бойына жақсы мінез құлқының қалыптасуына ой өрісінің кеңейіп адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіруге тәрбиелеу.
Дамытушылық мәні: Ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, бойындағы бар қасиеттерін одан әрі дамыту.
Сабақтың көрнекілігі: Бейнеслайд, айна, сырға, Баян аспабы.
Сабақтың барысы:
1.Ұйымдастыру кезеңі
2.Теориялық бөлім
3.Практикалық бөлім
4.Қорытынды
Ұйымдастыру кезеңі:
1. Балаларға сәлемдесу қимылын жасатып амандасып аламыз.
Теориялық, практикалық бөлім.
Би дегеніміз – музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Би арқылы табиғаттың тылсым күштерін тұрмыс-тіршілікті көрсетуге болады. Әр қимылдың өзіндік мағынасы бар, осы әр элемент арқылы әр елдің мәдениетін, би билеу мәдениетін көрсетуге болады.
Соның ішінде қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Балалар ендігі жерде жаңа тақырыпқа енеміз. Балаларға сабақ теориялық, практикалық түрде түсіндіріледі.
Балалар әрбір буындарын білектерін қыздыру мақсатында дене қыздыру қимылдары жасалады. Жаңа сабақ барысында әр тактіге ырғаққа түсу мақсатында алақандарымен

аяқтарымен бөлшектеп санап балаларды жаттықтырамыз.

Ырғақ қалыптастыру 4 бөлшектен 8 бөлшектен тұрады. Балаға әрбір биде, қимылда көтеріңкі көңіл күйде эмоциямен биленуі керектігін қимыл арқылы көрсетеміз.

(1-сурет)

Сырға қимылы – сырға дегеніміз қыз баланың сәндікке, әдемілікке тағатын әшекей бұйымы болып табылады. Сырға қимылы қыздардың құлақтарына сырғаны тағып алып сыңғырлатып бір-біріне мақтана, сүйсіне, әр қолымен көрсеткен қимылдарынан туындаған би қимылы сырға қимылын балаға түсіндіру барысында бір оқушыны ортаға шығарып құлағына сырғаны тағып қолымен қозғалтып түсіндірме жұмысы жүргізіледі. Сырға элементін жасау үшін 42-44 тактіге (1-сурет) аяғымыз III қалыпта тұрып, қолымыз қазақ биінің V қалпын ұстап тұрады. Оң қол сол қолымыздың үстінде орналасады. Саусақтарымызды нәзік майыстыра отырып оң қолымыз оң құлағымызды сырғаны сұқ саусақпен нәзік түртіп сол иықтың тұсына апарып төмен түсіп алмастыра отырып жасалынады. Осылайша би қимылын 42-44 тактіге дейін, 8 бөлшекке бөліп санаймыз.

(2-сурет)
Айна қимылы
Ауыз үйдің айнасы
Орасан зор пайдасы
Сол айнаға қарап-ақ
Жарқырап бір жайнашы.

Айна қимылы – айнаға, әшекейлеріне сәнденіп қараған қимылдардан туындаған би

қимылын түсіндіру барысында оқушыларға қолдарына айна ұстатып оңға және солға бет әлпеттерін қаратып би қозғалысын құрастырылады. 48-52 (2-сурет) тактіге екі қол 1-ші қалып арқылы жоғары бастың тұсына алақандары ашық күйінде оңға және солға бетті ашып-жабады. Аяқтары III қалыпта «Айна» қимылы көрсетіледі.

(3-сурет)
Ожау қимылы

Үйірсектеп қазанды
Түсіреді ет, сазанды
Басы тостақ, сабы бар
Кім білмейді ожауды.

Ожау – күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатын ыдыстың түрі болып табылады. Ожау қымыз-қымыран сапырып жатқан қимылдан шыққан би қозғалысы (3-сурет) 52-56 тактіге оң қол II қалып пен III қалыптың ортасында алақаны жоғары ашық күйінде, сол қолды оң қолдың шынтағының қасына әкелеміз. «Ожау» қимылын бір орында тұрып немесе аяқтың өкшелеу қимылымен жасауға болады.

(4-сурет)
Жебе қимылы
Ұланымын елімнің
Бақытына кенелген
Мұрасына қазақтың
Дөп тигізер жебемін.

Жебе қимылы – қазақтың садақ ату дәстүрімен туындаған би қимылы. Оқушыларға түсіндіру барысында садақтың суретін көрсетіп жұмыс жасалынады.
Жебе қимылын оң қол иықтың үстінде, сол қол I қалып арқылы алға созылады. Оң аяққа тұрып, сол аяқты алға жіберіп денені артқа шалқайтады. (4-сурет) 40-44 такті бөлшектеп санау арқылы жасалады.

Қолымызды III қалыппен II қалыптың ортасынан алып оң қолымыздың саусақтарын жинақы түрде бас бармағымызды жасырып жоғары көтере ұстаймыз. Сол қолымыз саусақтарын майыстыра оң қолдың жанына барып төменге дайындық қалпына тартады. Келесі жаққа осылайша қайталанады.

(5-сурет)
Шаңырақ қимылы

Неткен асыл сүйегі
Көріп жүрсің жиі оны
Қазақ үйінің о бастан
Шаңырақ бұл киелі.

Шаңырақ қимылын түсіндіру барысында ең алдымен балаларға шаңырақ дегеніміз не екен? Деп сұрақ қойылады. Әр бала өзінің ойын айтып, толықтырылып түсіндіріледі.
Шаңырақ дегеніміз балалар – қазақ үйдің яғни киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі. Оның пішіні күмбез тәріздес, шаңырақ уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады. Шаңырақ деген

мағынаға біздің әрбіріміздің отбасы мүшелерімізбен тұрып жатқан үйіміз.

Бүгінгі күні көп ұлтты мемлекетіміз бір шаңырақтың астында достықтың туын желбіретіп, тату-тәтті ынтымақта өмір сүруде.

(5-сурет) 4-8 тактіге қолдың 1-ші дайындық қалпынан II ші қалып арқылы III қалыпқа барып «Шаңырақ» қимылы көрсетіледі. Қолымыздың саусақтарын біріктіріп кереге тәріздес III қалыпта бір-біріне қарама-қарсы саусақтардың ұштарын жақындата ұстаймыз. Аяғымызды III қалыпта қолды Шаңырақ қимылымен оңға қарап тіке қарап, солға қарап тік қарап 4 бөлшекке қайталаймыз.

Қорытынды:

Енді сабағымызды қорытындылай келе қазақ биінде әр қимылдың алатын орны және өзіндік мағыналары бар екенін балаларға жетік меңгерттім. Қазақ биіндегі әрбір элементпен танысып жетік меңгерген бала әрбір қимылды бойына сіңіріп дайын болған шағында қазақ биінің қойылымы қойылады. Қазақ биінің ортада жасалатын әрбір қимылын пайдаланып құрылған «Өрнек» биінің қойылымын балалар орындап тарту етеді.

Қазақстан Республикасының қайраткері Т.Ш.Бақтыбаев «Қазақ биі – ұлт болашағы» атты еңбегінде: «Би – эстетикалық құрал, ол сөзсіз дене сұлулығына тәрбиеленеді. Әрі халық билерінің өздеріне тән ерекшеліктері би қойылымдарында, іс-қимылдарында көрініп тұру керек. Би өнері қазақ халқы үшін тәрбие құралы, мәдениет жаршысы, тіптен қазақ тарихы десекте болады» - деп жазды.

Балаларымыздың білімді, бәсекеге қабілетті, елін, отанын сүйетін ана тілін ата салт-дәстүрінен ұлттық өнерін құрметтейтін рухани бай ұрпақ болып қалыптасуына – ұлттық биіміздің тәрбие берудегі мәні зор болмақ.



ОҚУШЫНЫҢ ВОКАЛДЫҚ-ӘНШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кабыкенова Гакку Шынаркызы
Қарқаралы қаласы Егіндібұлақ ауылы балалар өнер мектебінің эстрада-вокал сыныбының ұстазы

Балалар эстрадасы бүгінде қосымша білім беру саласында өте танымал. Бұл мақалада кез келген балалар білім беру мекемесінде, соның ішінде жалпы білім беретін мектепте эстрадалық вокалдық әншілік дағдыларын қалыптастыру және дамыту ерекшеліктері қарастырылады. Адамның ерекше физиологиялық мүмкіндіктері, әрқайсымыздың ішіміздегі қайталанбас аспаптың, яғни дауысымыздың болуы туралы айтылады.

Қазіргі уақытта вокалмен айналысу және балалар мен жасөспірімдердің әртүрлі эстрадалық байқауларына қатысу өте танымал болды. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде өте кең таралған теледидарлар эстрадалық орындаушылықты насихаттауға және насихаттауға өз үлестерін қосуда. Осыдан эстрадалық вокал сабақтарының өзектілігі күннен-күнге артып келеді.

Вокал сөзі итальяндық «воче» — дауыстан шыққан. Бірақ, дауыс тек аспап ретінде қызмет етеді, ал ән айту өнерінің өзі бір дыбыс зерттеуіне қарағанда әлдеқайда күрделі. Ол бізге бейнелерді салады, эмоционалдық күйлерді көрсетеді. Ән айтуға тек дыбыс қана емес, мағыналы сөз де қатысады. Вокал көркем ән айтудың технологиялық процесі ретінде қарастырылады. Кез келген маман біліммен және белгілі бір әдістермен қаруланғаны сияқты, әнші де вокалдық техниканы меңгеруі, яғни өз дауысын еркін басқаруы керек

Эстрадалық вокал өз дыбысы бойынша академиялық (классикалық) және халықтық арасында орналасады. Академиялық және халықтық вокалдан басты айырмашылығы вокалистің мақсаты мен міндеттерінде. Академиялық және халық әншілері канон, регламент аясында жұмыс істейді. Ментацияланған дыбыс, олар үшін нормадан ауытқу әдеттегі емес.

Эстрада орындаушысының міндеті — өз дыбысын, өзіндік, өзіне тән, оңай танылатын ән айту мәнері мен сахналық образын табу. Ән айту - музыка ойнаудың негізгі және қолжетімді тәсілі. Дауыс - бұл жалпыға қол жетімді құрал, ол баланы белсенді музыкалық іс-әрекетке, музыкалық шығарманың сұлулығын түсінуге баулуға мүмкіндік беретін өнер. Эстрадалық ән айту заманауи музыкада ерекше орын алады, балалар мен жасөспірімдерде өнердің бұл түрі үлкен қызығушылық тудырады. Бұл пәннің ең маңызды міндеттерінің бірі - балаларды кәсіби шығармашылық дағдыларға баулу ғана емес, сонымен бірге олардың шығармашылық қабілеттерін, музыканы оның барлық байлығы мен жанрларында қабылдау қабілетін дамыту. Соңғы онжылдықтарда балалар мен жастар арасындағы вокалдық өнердің жаңа түрі ретінде эстрадалық және эстрадалық өнерге қоғамның қызығушылығы ерекше арта түсті. Орталық теледидар көрермендердің кең ауқымына осы бағыттағы ірі жобаларды ұсынады: «Дауыс», «Балалар дауысы», «Жаңа толқын», «Славян базары», «Евровидение», «Балалар Евровидениесі» және т.б. Осындай іс-шаралардың қорытындысы бойынша және осы саладағы мамандардың пікірінше, эстрадалық вокалмен ерте жастан айналысуға болатыны белгілі болды.

Бұл бағытты меңгерудегі алғашқы талпыныстарды балалар шығармашылығы орталықтары, жалпы білім беретін мектептердегі үйірмелер, қосымша білім беру орталықтары, музыка мектептері мен өнер мектептері қолға алды. Өнердің бұл түріне деген қызығушылықтың артуына байланысты білім алушылардың кәсіби даярлығына деген қажеттілік, эстрадалық бағыттағы бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеудің шұғыл қажеттілігі табиғи түрде туындады. Және бұл кездейсоқ емес, өйткені эстрадалық ән айту балалардың көркемдік талғамын дамытады, олардың музыкалық ой-өрісін кеңейтеді және байытады, мәдени деңгейі мен интеллектін арттыруға ықпал етеді. Эстрадалық ән айту вокалдық өнердің бір түрі ретінде халықтық және академиялық ән айтудың бірігуінен қалыптасты. Академиялық вокалмен айтарлықтай айырмашылықтарға қарамастан, эстрадалық ән айту дауыс аппаратының жұмысындағы бірдей физиологиялық принциптерге негізделген. Эстрадалық ән айту мәнеріне тән негізгі қасиеттер: сөйлеу фонетикасына жақындығы, кеуде регистріндегі тығыз дыбыс, «шыңдардың» айқын жамылғысының болмауы. Дауыстық аппараттың жұмысындағы физиологиялық принциптерді үйрету үшін академиялық және эстрадалық ән айтудың әртүрлі әдістерінен жаттығулар енгізілген: - үнді йогилерінің тыныс алу жаттығулары, - тыныс алу жаттығулары А.Н.Стрельникова, - дауысты дамытудың фонопедиялық әдісі В.В.Яьянова, - АҚШ және Канада вокалист-мұғалімі Сет Риггстің әдістемелерін жасауға болады.

Ән айту процесіне дыбыс қана емес, сонымен бірге маңыздылығы жағынан мағыналы сөз де қатысады. Бұл жағдайда вокалды көркем ән айтудың өзіндік технологиялық процесі ретінде қарастыруға болады. Кез келген орындаушы, әрине, вокалдық техниканы, яғни белгілі бір білім мен арнайы техниканы меңгеруі керек. Осы техниканың арқасында ол өз дауысын еркін басқара алады. Адамның табиғи дауыстық мүмкіндіктерін дамыту және жүзеге асыру біртіндеп жүреді. Оңтайлы тәртіп бірнеше кезеңнен өту болып саналады. Бірінші кезеңде дауысты қою жүзеге асырылады және бұл вокалдың кез келген түріне (эстрадалық, классикалық және т.б.) қатысты. Әрі қарай, белгілі бір адамға сәйкес келетін эстрадалық вокал техникасын меңгеру жүзеге асырылады. Ақырында, соңғы кезеңде ең маңызды және сонымен бірге ең қиыны жүзеге асырылады - өзіне тән ән айту мәнері мен белгілі бір сахналық бейнесі бар қайталанбас, танылатын дауыс қалыптасады. Айта кету керек, дауысты дұрыс қою адамның дауыстық деректерін дамыту мен жүзеге асырудағы өте маңызды сәт болып табылады. Әдеттегідей, егер дұрыс қойылса, тіпті кішкентай дауыс қатты естілуі мүмкін.

Вокал, басқалармен қатар, жай ғана жақсы тыныс алу болып табылады, бұл өз кезегінде адамның барлық ішкі мүшелерінің тамаша жұмысын білдіреді. Сондықтан ән

айту сабақтары, тіпті әуесқойлық деңгейде де біздің ағзамызды сауықтырады. Кәсіби ән айтуға келетін болсақ, бұл, ең алдымен, кәсіби спортшының жұмысымен салыстыруға болатын ауыр және қажырлы еңбек.

Ән айту үшін кез келген адам дүниеге келеді - әрқайсымыз туғаннан берілген табиғи қабілеттерімізді бағалап, дамыта бермейміз. Бірақ қаласаңыз, вокалмен айналысып, кез келген жаста дерлік белгілі бір жетістіктерге жете аласыз. Әр бала дерлік ән айта алады. Ән айтуды үйренуге бола ма? Әрине, құдай табиғи дарынмен сыйлаған адамдар бар: жақсы музыкалық құлақ, әдемі дауыс ырғағы және нәзік сезім. Бірақ, бұл санатқа жатпайтындар не істеуі керек? Бұл бағытта «жүріп», шыдамдылық танытып, тынымсыз еңбектену керек. Әншілік тыныс алуды вокалдық педагогика әрбір білім алушының өзіне ғана тән психикалық, вокалдық және басқа да ерекшеліктері бар қайталанбас даралық екенін ескереді және осы ерекшеліктерді жан-жақты зерделеуді және шығармашылық көзқарасты талап етеді,оларды дамыту әдістеріне мыналар жатады:

Ән айту дағдыларын қалыптастырудағы вокалдық жаттығулардың маңызы зор. Себебі осы жаттығулар арқылы дұрыс дем алуға, сөзді ашық, таза айтуға; әуендікті ашық айтуға; мәнерлеп айтуға дағдыландырады. Вокалды жаттығулардың екі түрі бар — дауысты қалыпқа келтіру және вокалды – техникалық. Сабақтың басында дауыс аппаратын табиғи және еркін дауыс шығарып, «жұмыс жағдайына» келтіретін дайындау жаттығуына жатады. Дайындау жаттығуларының мақсаты – дыбысты күштемей шығаруды туғызуға әсер ету және дауыс механизмін бірте-бірте қажетті біріктіруге келтіру.

Эстрадалық ән айту академиялық вокалмен айтарлықтай айырмашылықтарға қарамастан, дауыс аппаратының жұмысындағы физиологиялық принциптерге негізделеді Айта кету керек, «эстрадалық ән айту» пәні белгілі бір жанрдағы шығармаларды дұрыс және әдемі орындауға үйретуді ғана емес, сонымен қатар микрофонмен жұмыс істей білуді, сахналық қозғалысты меңгеруді және актерлік шеберлік. Сахнадағы қозғалыс эстрада әртісі бейнесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, орындаушы сахнадағы өзін-өзі ұстау және көрерменмен жұмыс істеу ережелерін, сондай-ақ өнер көрсету кезінде жиі орын алатын жағымсыз қызық жағдайлардан қалай шығу керектігін білуі керек. .Өз кезегінде актерлік шеберлік көрерменнің жүрегіне жол сілтейді. Әрбір талантты әнші жақсы актер болуы керек, әннің кейіпкері оның басты рөлі, әннің өзі нағыз жеке спектакль болуы керек. Ал актерлік міндеттерді орындау үшін әннің бас кейіпкерінің жан дүниесін түсініп, сезініп, осы образбен ұштасып, содан кейін ғана шығарманы үйренген, көрсетуге дайын деп санау керек. Әрине, орындаушылық мәнермен жұмыс істегенде, т.б. басқа адамдардың «қыр-сырын» және нюанстарын «алып тастау». Бірақ, бұл сіздің дауысыңызға бейімделген түрде жасалуы керек. Бұл өте маңызды, өйткені эстрадалық әнде даралық, жаңа музыкалық «тауашалардың» ашылуы, тыңдаушыға өзінің «энергиясымен», оңай танылатын орындау мәнерімен әсер ету қабілеті бағаланады.

Әншілік тыныс алуды күшейтетін, артикуляцияны, дикцияны белсендіретін, музыкаға деген құлақты, дауыс күшін және т.б. дамытатын көптеген жаттығулар бар. Вокалдық өнер жеке. Бұл әншінің аспапшылардан айырмашылығы оның аспабы ағзаның бір бөлігі болып табылатындығына байланысты. Көмейдің құрылымы, резонаторлық қуыстардың өлшемдері және т.б. әр адам үшін әр түрлі, бұл дыбыстың тембріне, сипатына әсер етеді. Осылайша, әр адамның жеке вокалдық аспабы болады. Сондықтан вокалистің басты ұстанымы «өз дауысыңды тап» ұраны болуы керек.

Ұстаз, оқушыға ең алдымен, өзін-өзі бақылай алатын, өзімен-өзі дұрыс жұмыс істей алатын жағдайға тәрбиелей бастауы қажет. Оқушыларға тікелей вокалдық әншілік міндеттер қойып, айқын нұсқаулар беріп, оны шешу үшін басты мәселе не дегенді түсіндіріп, мән –мағынасын ашып ұғындыру арқылы мүмкіндік тудырып беру қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

Интернет желісі. Әдістемелік құралдар А.Н. Стерльникова, В.В. Яьянова, С. Ригс.

ҚОСЫМША БІЛІМ: ХОББИДЕН КӘСІБИ ЖОЛҒА

Калиева Айнур Кадыровна
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әулиекөл ауданы білім бөлімінің балалар өнер мектебі» КММ, директор

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде әрбір адамнан жан-жақты қабілеттер мен үнемі дамуға деген ұмтылыс талап етіледі. Білім мен білік тек мектеп немесе университет қабырғасында алынған мәліметтермен шектелмейді. Көптеген адамдар үшін қосымша білім – өзін-өзі дамыту мен кәсіби мүмкіндіктерді кеңейтудің тиімді жолы. Әсіресе, хобби ретінде басталған қызығушылықтар уақыт өте келе табысты мансапқа айналуы мүмкін. Бұл процесс тек жеке адамның ғана емес, тұтастай қоғамның әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Тақырыптың маңыздылығы: Қосымша білім алу және хоббиді кәсіби жолға айналдыру – қазіргі заманның маңызды тенденцияларының бірі. Әлемдік еңбек нарығы жылдам өзгеруде, ал мамандықтардың көбі көпқырлы дағдыларды талап етеді. Қосымша білім мен тәжірибе адамды бәсекеге қабілетті етеді, икемділікке үйретеді және жаңа салаларға жол ашады. Сонымен қатар, жеке қызығушылықтарды кәсіби деңгейге жеткізу адамның өзін-өзі бағалауына, өмірлік қанағаттануына және шығармашылық әлеуетін іске асыруға ықпал етеді.

Өзектілігі: Хоббиді кәсіби бағытқа айналдыру – бүгінгі күні әсіресе өзекті. Бұл үрдіс технологиялардың дамуы, онлайн платформалардың көбеюі және қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерінің арқасында қолжетімді болып отыр. Әлеуметтік желілер мен түрлі курстар өз қызығушылығын табыс көзіне айналдыруға жағдай жасайды. Бұл бағыт жастар үшін де, ересектер үшін де заманауи сұраныстар мен трендтерге сай болудың тиімді құралына айналды.

Мақсаты: Бұл мақаланың мақсаты – қосымша білімнің адам өміріндегі рөлін ашып көрсету, хоббиді кәсіби жолға айналдырудың тиімділігін талдау және бұл бағытта қандай мүмкіндіктер мен қиындықтардың бар екенін анықтау.

Міндеттері:

1. Қосымша білім алудың жеке тұлғаның дамуына әсерін зерттеу.
2. Хоббиді кәсіби бағытқа айналдыру жолдарын талдау.
3. Бұл үрдістің қоғам мен еңбек нарығы үшін пайдасын анықтау.
4.Қосымша білім алу және мансап құру үшін заманауи мүмкіндіктерді көрсету.
5.Хобби арқылы жетістікке жеткен нақты мысалдарды ұсыну.

Зерттеу бөлімі

Қосымша білім алу – адамның мүмкіндіктерін кеңейтіп, оның танымдық, шығармашылық және кәсіби әлеуетін арттырудың маңызды жолы. Хобби ретінде басталған қызығушылықтар адамның эмоционалдық жағдайына оң әсер етеді, стрессті азайтып, өзіне деген сенімділігін арттырады. Зерттеулер көрсеткендей, сүйікті іспен айналысу адамның жалпы өмір сапасын жақсартады. Сонымен қатар, хоббиді кәсіби деңгейге жеткізу оны табыс көзіне айналдыруға мүмкіндік береді, бұл материалдық тұрақтылық пен жеке қанағаттанушылықты қамтамасыз етеді.

Хоббиді кәсіби бағытқа айналдыру жолдары

1.Қызығушылықты анықтау: Әрбір адам өзіне ұнайтын іспен айналысуы үшін алдымен сол қызығушылықты айқындауы керек. Бұл сурет салу, музыка, спорт немесе бағдарламалау болуы мүмкін.

2.Білім мен дағдыны дамыту: Хоббиді кәсіби жолға айналдыру үшін арнайы

білім мен дағдыларды игеру маңызды. Мысалы, кәсіби курстар, мастер-класстар және тәжірибелік жаттығулар арқылы дағдыларды шыңдауға болады.

3.Жоспар құру: Кез келген кәсіби жолды бастау нақты жоспарлауды талап етеді. Хобби арқылы табысқа жету үшін мақсаттар мен оларды жүзеге асыру жолдарын анықтап, стратегия құру қажет.

4.Тәжірибе жинақтау: Алғашқы қадамдарды жасау кезінде ерікті түрде немесе төменгі деңгейдегі жұмыстарды атқару пайдалы болуы мүмкін. Бұл бағытта тәжірибе мен байланыстарды нығайтуға назар аударған жөн.

5.Кәсіби желіні кеңейту: Әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар арқылы өз жұмысын таныстыру, әлеуетті клиенттермен және әріптестермен байланыс орнату – кәсіби дамудың маңызды бөлігі.

Қосымша білімнің қоғам мен еңбек нарығына әсері

Қосымша білім беру жүйесі мен хоббиді кәсіби деңгейге жеткізу қоғамның жалпы дамуына оң әсерін тигізеді. Біріншіден, бұл үдеріс инновацияларды алға жылжытады. Әр түрлі салаларда өзіндік ерекше идеялар мен жобалар пайда болады. Екіншіден, еңбек нарығы икемді және динамикалық қызметкерлерді қажет етеді. Қосымша білім алған адамдар жаңа мамандықтарға тез бейімделе алады және еңбек өнімділігін арттырады.

Бүгінгі күні хобби арқылы кәсіби жетістікке жету үшін түрлі мүмкіндіктер бар. Онлайн курстар мен тренингтер өз саласындағы білімді кез келген уақытта, кез келген жерде игеруге жағдай жасайды. YouTube, Udemy, Coursera сынды платформалар кәсіби дағдыларды игеруге қолжетімді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер жеке бренд құру мен өз жұмысыңызды жарнамалаудың мықты құралына айналды. Әлемде хоббиді кәсіби деңгейге жеткізіп, табысқа жеткен адамдардың мысалдары көп. Мысалы:

• Джоан Роулинг өз хоббиі ретінде жазушылықпен айналысып, әлемге әйгілі автор болды.

• Крис Гарднер қаржылық саланы меңгермес бұрын жеке басын дамыту үшін түрлі салада жұмыс істеп, қазіргі таңда табысты кәсіпкер ретінде танымал.

Практикалық қолданылуы

Қосымша білім алу және хоббиді кәсіби деңгейге жеткізу тек теориялық идея емес, оны күнделікті өмірде жүзеге асыруға болатын нақты тәсілдер бар. Қазіргі таңда бұл үдеріс өмірдің түрлі салаларында кеңінен қолданылады. Міне, оның практикалық қолданысының негізгі бағыттары:

1. Онлайн платформаларды пайдалану

Қазіргі уақытта интернет – қосымша білім алудың ең қолжетімді және тиімді құралдарының бірі. Төменде нақты мысалдар келтірілген:

• Курстар мен тренингтер: Coursera, Udemy, Skillshare сияқты платформалар адамдарға кәсіби дағдыларды үйретеді

• YouTube және басқа видео сабақтар: Танымал видеоплатформалар тегін ресурстар ұсынады. Аспаздық, музыка, бағдарламалау сияқты көптеген хоббилер бойынша білім алып, кәсіби қызметке айналдыруға болады.

2. Әлеуметтік желілерді қолдану

Әлеуметтік желілер жеке брендті дамытуға және аудитория жинауға үлкен мүмкіндік береді:

• Instagram: Суретшілер, фотографтар немесе сәнгерлер үшін жұмыстарын көрсету алаңы ретінде қолданылады.

•TikTok: Кәсіби немесе шығармашылық контентті тез танымал етуге мүмкіндік береді.

3. Шағын кәсіп бастау

Қосымша білім мен хобби арқылы шағын кәсіп бастау – табысқа жетудің тағы бір тиімді жолы:

• Флористика: Гүл шоқтарын жасап, оларды сату арқылы бизнес құру.

• Дайындау шеберханалары: Мастер-класстар ұйымдастырып, өз біліміңізді басқаларға үйрету арқылы табыс табу.

4. Қоғамдық шараларға қатысу

Хобби арқылы кәсіби байланыстарды кеңейту үшін қоғамдық шараларға қатысу

маңызды:

• Жәрмеңкелер мен көрмелер: Қолөнершілер немесе суретшілер өз жұмыстарын халыққа ұсыну үшін жәрмеңкелерге қатыса алады.

Қосымша білім мен хоббиді кәсіби деңгейге жеткізу қазіргі қоғамда үлкен маңызға ие. Оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін заманауи құралдар мен платформаларды тиімді пайдалану қажет. Бұл тек табыс көзі ғана емес, сонымен қатар, адамның шығармашылық және кәсіби әлеуетін ашуға үлкен мүмкіндік береді.

Ұсыныстар

Қосымша білім алу және хоббиді кәсіби жолға айналдыруды тиімді ұйымдастыру үшін төмендегі ұсыныстарды ескеруге болады:

1. Қызығушылық пен қабілетті анықтау

Адам өзінің хоббиі мен қосымша білім алудағы басым бағыттарын нақтылауы керек. Бұл үшін:

• Өз қызығушылықтары мен дағдыларын тізімге алу.

• Өз қабілеттеріне сәйкес келетін сала бойынша мамандардан кеңес алу.

2. Білім мен дағдыларды жетілдіру

Қызығушылықтарды кәсіби деңгейге жеткізу үшін қосымша білім мен тәжірибені дамыту қажет:

• Арнайы курстарға жазылу (онлайн немесе офлайн).

• Тәжірибелі ментордан үйрену.

• Біліктілікті арттыруға бағытталған мастер-класстарға қатысу.

3. Қоғамдық шараларға қатысу

Өз хоббиіңізді таныту үшін түрлі іс-шараларға қатысу:

• Жәрмеңкелер, көрмелер және фестивальдар.

• Қоғамдық мастер-класстар мен тренингтер ұйымдастыру.

4. Үнемі жаңашылдық енгізу

Хобби кәсіби салаға айналғанда да, тұрақты дамуды жалғастыру маңызды:

• Жаңа технологиялар мен трендтерді зерттеу.

• Өз дағдыларын жетілдіру үшін тұрақты түрде курстарға қатысу.

10. Қоғамдық байланыстарды кеңейту

Кәсіби бағыттағы адамдармен қарым-қатынас орнату маңызды:

• Саладағы конференцияларға қатысу.

• Әріптестермен бірлескен жобаларды жүзеге асыру.

Хоббиді кәсіби жолға айналдыру және қосымша білім алуды тиімді қолдану үшін нақты жоспар мен тұрақты даму маңызды. Қызығушылыққа сүйене отырып, мақсатқа жету жолдарын дұрыс ұйымдастырған адам өз мансабын жаңа деңгейге шығарып, өмірде табысқа қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдіғаппарова, Н. «Жеке тұлғаның дамуы: теориясы мен тәжірибесі» – Алматы: Ғылым баспасы, 2021.

2. Мұқанова, Г. «Кәсіби даму негіздері» – Астана: Фолиант, 2019.

3. Коллинз, Дж. «Жақсыдан Ұлыға дейін: Кәсіби табысқа жетудің жолдары» – Алматы: STEP Publishing, 2018.

4. Гасымов, И. «Қосымша білім және мансап: өз мүмкіндігіңді іске асыру» – Нұр-Сұлтан: Bilim Press, 2020.

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. «Білім беру және қосымша даму бағдарламалары» – Ресми сайт: edu.gov.kz.

6. Антонов, С. «Өз ісіңді бастаудың жолдары: жаңадан бастаушыларға арналған кеңестер» – Мәскеу: Альпина Паблишер, 2018.

7. Zheltikova, M. «Social Media as a Tool for Career Development» – Digital Trends Journal, Vol. 10, No. 5, 2021.

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КҮЙЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Карабекова Айнаш Сапарбековна
Алматы қаласы №10 балалар музыкалық мектебінің домбыра пәнінің мұғалімі

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақтың күйшілік мұрасы, соның ішінде тереңірек Жетісу өңірінің күйшілік дәстүрі және оның өкілдері айтылады. Жетісу өңірінің күйшілік мектебін қалыптастыруға атсалысқан, жеке мектеп ретінде танылған атақты дирижер, күйші, композитор – Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев (1925-1998) шығармашылығын негізге ала отырып, оның репертуарындағы «Баламишка» күйінің орындаушылық мүмкіндігін кеңінен ашу және оны орындаушылық құрылымына ұқсас күйлер Дина Нүрпейісованың «Науысқы», Есбайдың «Бөгелек» күйлер желісіндегі өзара орындаушылық байланысты талдау қарастырылды. Нұрғиса Тілендиевтің 1982 жылы алғаш «Отырар сазы» оркестрінің дирижері әрі негізін қалаған композитор-домбырашы ретінде өзімнің студент кезеңдерімді осы оркестр қабырғасында қызметімді атқару аясында зерттеу тақырыбымды Нұр ағаның шығармашылығы қызықтырды.

Кілттік сөздер: орындаушылық, күйшілік дәстүр, құндылық, әзілді-ойнақы күйлер, күйшілік мектеп.

Қазақтың күйшілік өнері сан ғасырлар бойы өзіндік құндылығымен, ұлттық болмысымыз бен өнерімізге қатысты қиындықтарға төтеп беріп әр түрлі өзгерістерді бастан кешірді. Күй бұл ерекше құдірет, ол терең тарих, музыкалық жанр ретінде қарастырылып, қазақтың ұлттық салт-дәстүрімен тығыз байланыста болды. Жалпы күй сөзінің мәні ол «көк» деген түркі сөзінен шығу мүмкін дегенде тарихи болжамдар да бар [1, 7-9б]. Домбыра аспабы қазақ музыкасында ерекше орын алатын, ұлттық аспабымыз болып өркендеуінің басты себебі де күйлердің сақталуы мен таралуы болып табылады. Қазақтың күйшілік өнерінде жалпы мектепке бөліну арқылы «төкпе» және «шертпе» күйшілік мектептер қалыптасты. Осы тұста олардың өзіндік орындаушылық ерекшелігіне, композициялық құрылымына, тарихы мен оның әр бір өңірдің орындаушылық жүйесіне байланысты болды.

Күйшілік мектептерді бөліп қарастырар болсақ, ішінде аймаққа, орындаушылық ерекшелігіне, күйлердің құрылымы мен тарихи бағыттарына, күйшілердің күй орындауына байланысты өзгерісте орын алды. Шертпе және төкпе күй мектептерінің ішінде, шертіп орындалатын күйшілік мектепке Жетісу өңірінің күйшілік мектебін атай аламыз. Жетісу өңірінің күйшілік мектебінің өкілдері: Байсерке Қылышұлы, Бөлтірік Атыханұлы, Сыбанқұл Қалбасұлы, Мергенбай Ерденұлы, Қосдәулет Нұрмағамбетұлы, Тұраш Әбуов домбырашылар мұрасымен толығар болса, қазіргі күнге дейінгі жеткізуші күйшілер Темірбек Ахметов, Сауқымбек Шаханұлы, Қатшыбай Таубаев, Нұрғиса Тілендиев, Ыбырайымхан Мергенбайұлы, Омархан Керімқұлов, Елемес Таласбай, Сейімбек Қолтықбайұлы және де тағы да басқа күйшілер дәріптеді. Жетісу өңірінің орындаушылық мектебінің іргетасын қалаған атақты күйшілердің арасынан ерекше бөлек күйшілік мектепті қалыптастыра білген Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев [2, 15-16б].

Атақты композитор, дирижер, домбырашы, Алматы облысы, Іле ауданы Шилікемер ауылында туып-өскен ұлы тұлға Н.Тілендиев (1925-1998). Композитор қазақ халқының ұлттық музыкалық мәдениетінде өшпес із қалдырды, сондай-ақ ұлттық музыка легін бүкіл әлем өнерінің жоғары деңгейіне қосты. КСРО халық әртісі, Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері Нұрғиса Тілендиевтің 400 ге тарта әні бар, 50 ден астам драмалық қойымылға арналған, 19 көркем фильмге арналған, 17 мультипликациялық фильмге музыка жазды. оркестрге арналған поэма, «Ата толғауы», «Ақсақ құлан», «Арман», «Аққу», «Баламишка» күйлері де ерекше аңызға сүйене отырып кездеседі. Осы тұста жалпы Нұр ағаның күйшілік мұрасын зерттеу келе, ол қазақ күйшілік мектебіне әзілді-ойнақы

күйлерді еркін көрсетіп, шығармашылығында орындау арқылы жеткізді. Қолды ойнату күйлері жалпы Дина Нұрпейісованың «Науысқы» күйі, Н.Тілендиевтің «Баламишка» күйі, Есбайдың «Бөгелек» күйі секілді өзара орындаушылық байланыстар мен ерекшеліктерін аңғаруға болады.

Нұрғиса Тілендиевтің «Баламишка» күйіне орындаушылық талдау жүргізіп көрсетсек. Нұрғиса Тілендиев күй орындаудағы, күй шығу, ән шығару композиция саласында жаңа леп алып келген ұлы күйші-домбырашы, композитор, дирижер болды. Ол ХХ ғасырдағы Құрманғазы ізін жалғастырушы деп атасақ та қандай жарасымды. «Баламишка» - татардың халық әуені. Татар әнінің негізінде шыққан «Баламишка» күйі өзінің тосын сарынымен, ойнақы ырғағымен, өзгеше орындаушылық тәсілімен ерекшеленеді.

Мысал 1 Нұрғиса Тілендиев «Баламишка»



Жалпы «Баламишка» күйі халықтың назарын ерекше аударатын, шертіліп қол қойылымдарын көрсететін күй. Көптеген орындаушылар бұл күйді еркін орындай алмайды. Екі қолдың нақты дыбысты алуы, оң қолдың қағу әдісі, әзіл мен көңіл күйді, күй мінездемесін еркін түрде көрсете білу әр бір орындаушы қолынан келмесі анық. Н.Тілендиевтің орындауындағы виртуозды орындаушылықты байқасақ өте еркін әрі өзіндік дыбыстылық бояуы арқылы дамиды. Динамикалық ерекшеліктерге бай етіп көрсетеді, p-f қарай бет алуы, шерту арқылы орындалады. Сол қолды мойынның үстінен алу техникасын да байқауға болады.

Мысал 2



Өте әзіл астарлас күй жанры оң қолмен сол қолдың көмегімен немесе алма-кезек дыбыстық ерекшеліктері арқылы орындау техникасы ауысып отырады. Он алтылық ноталарды өз ырғағында орындау арқылы қолды ойнау тәсілдерімен ескере орындау бұл кез келген орындаушының қолынан келе бермейді. Ең бастысы асқан шеберлікті талап етеді. Күйшінің виртуоздылығын, техникалық орындаушылық мүмкіндігін ерекше ішек пен тиекті гармониялық-құрылымды дұрыс орындай алуына аса қатты мән беру маңызды. Қағыстың әдетте шанаққа дейін келу көп күйлерде көрінбесі анық, бұл жерде динамикалық ауысуларды талап ете отырып орындалады. Яғни нақтылық, ырғақтық және динамикалық өзгешелікті талап етеді.

